Пайдаланушы нұсқаулығы

Құрылғыны пайдалану алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып, анықтамалық құрал ретінде қолдану үшін сақтап қойыңыз.

www.lg.com

Мазмұн

LG webOS TV туралы

Басты экран 5
Басты бетті басқару 7
Телеарнаны дайындау 9
Желі параметрі 10
Пайдаланушы нұсқаулығы туралы 12

Теледидарды пайдалану әдісі

Қашықтан басқару құралын пайдалану 13
Қашықтан басқару құралының қосымша мүмкіндіктерін көру 17
Қолданбаларды ЖЫЛДАМ ҚАТЫНАСУ мүмкіндігімен іске қосу 19
SIMPLINK (HDMI-CEC) 20
Арн. мүмк-р бөліміне қысқа жолдар 22
Пернетақтаны және тінтуірді пайдалану 22
Ойын тақтасын пайдалану 23

Телеарналарды пайдалану

Тікелей мәзір 23
ТД бағыттауышы 24
Бағдарлама ақпаратын тексеру 26
Who.Where.What? 27
MAGIC LINK опциясын пайдалану 29
Live Playback 30
Жазу 31
Жоспарлаушы 33
Жазылған ТД бағдарламасын ойнату 35
Интернет арналарын (LG Channels) қарау 38
TELETEXT 39
Сандық телемәтін 41
CI ақпараты 42
HbbTV 43
Деректер қызметі 44

Әр түрлі мазмұнды пайдалану

LG Content Store (аддендумнің дүкені) 45
Есептік жазбаларды басқару 46
Мазмұнды іздеу 46
Қолданба және мазмұн пайдалану 47

Басқа құрылғыларды қосу

Үйдің бақылау тақтасы 49
Мобильдік байланыс 50
Смартфон экранын бөлісу 52
USB құрылғысын жалғау 52
Фото және бейне 54
Музыка 60
Басты IoT құрылғылары қызметін пайдалану 63
Компьютер мазмұнын бөлісу 65
Компьютер экранын бөлісу 67

Smart TV артықшылықтары

Интернетті пайдалану 68
Live Plus 71
Хабарландырулар 71

Параметрлерін көру

Жылдам параметрлер 72
Сурет 73
Дыбыс 83
Арналар 90
Қосылу 98
Жалпы 101
Қауіпсіздік 109
Арн. мүмк-р 111

Ақаулықты жою

Жылдам анықтама арқылы тексеріңіз 114
Дұрыс жұмыс істемеу 115
Экран ақаулықтары 116
Дыбыс ақаулықтары 118
Компьютерге қосу ақаулықтары 120
Бейнені ойнату ақаулықтары 121
Жазуға қатысты ақаулықтар 122
Желілік қосылым ақаулықтары 123
LG тіркелгісінің ақаулықтары 125
Мазмұн ақаулықтары 125
Интернет браузер ақаулықтары 126

Ескерту

Бағдарламалық жасақтама жаңартуы 127
Қолданылатын ажыратымдылық : HDMI-DTV 128
Қолданылатын ажыратымдылық : HDMI-PC 132
Қолданылатын ажыратымдылық : Component 134
Лицензия туралы ақпарат 136
Тағы басқа 137

LG webOS TV туралы

Басты экран

LG webOS TV теледидарының Басты экран мүмкіндігін пайдалану

Қашықтан басқару құралында ⌂ түймесін басу арқылы Басты экранды ашуға болады.
Мәзірді айналдыру үшін Magic Remote пультіндегі **Дөңгелек (OK)** түймесін бұраңыз. Сіз смарт-теледидардың қолданбаларын және мазмұнын аша аласыз немесе түрлі функцияларды қолдана аласыз.

- Стандартты қашықтан басқару пульті мәзірді ▼/▲ түймелерінің көмегімен айналдыруға мүмкіндік береді.



❶ **ТД бағыттауышы** мүмкіндігін іске қосыңыз.
Толығырақ қарау үшін, **Телеарналарды пайдалану** → **ТД бағыттауышы** (**Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі) қараңыз.

❷ **Іздеу** мүмкіндігін іске қосыңыз.
Толығырақ қарау үшін, **Әр түрлі мазмұнды пайдалану** → **Мазмұнды іздеу** (**Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі) қараңыз.

❸ **Жылдам параметрлер** мүмкіндігін іске қосыңыз.
Толығырақ қарау үшін, **Параметрлерін көру** → **Жылдам параметрлер** (**Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі) қараңыз.

❹ **Хабарландырулар** мүмкіндігін іске қосыңыз.

Толығырақ қарау үшін, **Параметрлерін көру** → **Осы теледидар туралы** → **Хабарландырулар** (**Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі) қараңыз.

❺ Ең соңғы пайдаланылған теледидарға немесе сыртқы кіріске қайтарады.

❻ Сіз әртүрлі арналар мен бағдарламалардан ұсыныстар ала аласыз.


- Ұсыныстар функциясын пайдалану үшін, желіге қосылуыңыз қажет.

❼ Теледидарға орнатылған қолданбаларды іске қосуға, жылжытуға немесе жоюға болады.

- **Бағдарламалар тізімі** және ○○ **атақты мазмұны** теледидар қосылған сайын автоматты түрде экранда көрсетіледі. Егер басты экранды көрсетуді қаламасаңыз, ⚙ → ⋮ → **Жалпы** → **Қосымша параметрлер** → **Басты бет параметрлері** бөлімінің **Басты бетті автоматты түрде іске қосу Өшірулі** ретінде орнатыңыз.
- LGE Device ішіндегі Мазмұндар мен Қызметтердің қолжетімділігі алдын-ала ескертусіз кез келген уақытта өзгеруі тиіс.
- Қолжетімді функциялар аймаққа немесе қызметке байланысты өзгеріп отырады.

Негізгі бастапқы экран қызметін пайдалану

⚙ → ⋮ → **Жалпы** → **Қосымша параметрлер** → **Басты бет параметрлері** → **Бастапқы стиль** параметріне **Негізгі бастапқы экран** мәнін қойыңыз. Қашықтан басқару құралындағы ⌂ түймесін басыңыз. Жиі пайдаланылатын қолданбаларды бір экранда біріктіріп, қажет уақытта пайдалануға болады.



❶ **Іздеу** мүмкіндігін іске қосыңыз.
Толығырақ қарау үшін, **Әр түрлі мазмұнды пайдалану** → **Мазмұнды іздеу** (**Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі) қараңыз.

❷ **Үйдің бақылау тақтасы** жылжыңыз.
ТД-ға қосылған құрылғыны (ұялы, сыртқы құрылғы, Басты IoT құрылғылары және т.б.) таңдап немесе басқара аласыз.

Қосымша ақпаратты **Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі **Басқа құрылғыларды қосу** → **Үйдің бақылау тақтасы** бөлімінен қараңыз.

❸ Жақында пайдаланған ТД кірісіне жылжу.

❹ Жақында пайдаланған қолданбаға жылжу.
Қашықтан басқару құралында ⌂ түймесін басып тұрыңыз немесе **Соңғылар** назар аударыңыз.
Алдын ала көру аймағында жоғарғы жағында берілген тізімдегі жақында пайдаланылған қолданбаны іске қосып немесе жабуға болады.

❺ Теледидарға орнатылған қолданбаларды іске қосуға, жылжытуға немесе жоюға болады.

❻ Әрбір қолданба аймағына назар аударыңыз. Бұл Алдын ала көру жоғарғы жағында ұсынады.
Қолданбаға кірусіз Алдын ала көру мәзірінде әр қолданба мен ұсынылған мазмұнның пайдалы мүмкіндіктерін тексеріп немесе іске қосуға болады.

- Кейбір қолданбалар Алдын ала көру ұсынбауы мүмкін.


- Басты экран ТД қосылған кезде автоматты түрде көрсетілетін болады. Егер басты экранды көрсетуді қаламасаңыз, ⚙ → ⋮ → **Жалпы** → **Қосымша параметрлер** → **Басты бет параметрлері** бөлімінің **Басты бетті автоматты түрде іске қосу Өшірулі** ретінде орнатыңыз.
- LGE Device ішіндегі Мазмұндар мен Қызметтердің қолжетімділігі алдын-ала ескертусіз кез келген уақытта өзгеруі тиіс.

Басты бетті басқару

LG WebOS TV Home басқару

Жаңа Бастапқы экран өңдеу

Қашықтан басқару пультіндегі ⌂ түймесін басу арқылы көрсетілген қолданбалар немесе мазмұн тізімдерінің ретін өзгертуге болады.
Мәзірді айналдыру үшін Magic Remote пультіндегі **Дөңгелек (OK)** түймесін бұраңыз. Экранның төменгі жағында орналасқан ✎ опциясын таңдау арқылы өңдеу режиміне кіруге болады.



❶ **Қолданбалар тізімін өзгерту** режиміне кіреді.

- Бастапқы экрандағы **Бағдарламалар тізімі** ішінен өңдеу керек қолданбаны таңдағаннан кейін қашықтан басқару пультіндегі **Дөңгелек (OK)** түймесін басып тұрыңыз немесе **Қолданбалар тізімін өзгерту** режиміне кіру үшін **Бағдарламалар тізімі** ең соңғы аймағында орналасқан **Қолданбалар тізімін өзгерту** түймесін таңдаңыз.

❷ **Мазмұн тізімін өзгерту** режиміне кіреді.
Бастапқы экранда көрсетілетін мазмұн тізімінің ретін тікелей өзгертуге болады.

❸ **Қолданбалар ретін бастапқы қалпына келтіру** : Қолданбалар тізіміндегі элементтердің ретін бастапқы қалпына келтіреді.
Басты бет параметрлері : Қуатты қосқанда, Бастапқы экран әрекетін немесе жарнамалық дисплейді орнататын экранға өтіңіз.
Пайдаланушы нұсқаулығы : **Пайдаланушы нұсқаулығы** қолданбасына өтіңіз.

- Орнатуға болатын элементтер өңдеу моделіне байланысты әртүрлі болады.

❹ Өңдеу режимінен шығады.

Негізгі бастапқы экран өңдеу

01 ⚙ → ⋮ → **Жалпы** → **Қосымша параметрлер** → **Басты бет параметрлері** → **Бастапқы стиль** параметріне **Негізгі бастапқы экран** мәнін қойыңыз.
Қашықтан басқару құралындағы ⌂ түймесін басыңыз.

02 Өңдеу керек қолданбаны таңдап, қашықтан басқару құралында **Дөңгелек (OK)** түймесін басыңыз.
Бұл қолданбаны өңдеу режимін іске қосады.
Немесе Қолданбаны өңдеу режиміне кіру үшін Басты тізімнің оң жақ бұрышындағы Өңдеу режимін таңдау түймесін таңдай аласыз.


03 Қолданбаны қажетті орынға жылжыту үшін орынға өтіп, **Дөңгелек (OK)** түймесін басыңыз.

Қолданбаны жою үшін қолданба үстіндегі ✕ белгішесін таңдаңыз.

- Өңдеу режимінен шықпастан бұрын барынша көп қолданбаларды жылжытуға және жоюға болады.
- Сонымен қатар, қашықтан басқару құралындағы ◀ / ▶ түймелерімен қолданбаларды жылжытуға болады.

04 Өңдеу аяқталғаннан кейін Қолданбаны өңдеу режимінен шығу үшін жоғарғы оң жақта ✕ түймесін басыңыз.

- Әдепкі теледидар бағдарламасын өңдеуге болмайды.




❶ Тізімге өзіңіздің сүйікті бейне қызметіңізді қоса аласыз.

- Бұл мүмкіндік тек желі қосылғанда ғана қолжетімді.
- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

Телеарнаны дайындау

Телехабарды қарау

01 Телехабар антеннасын теледидарға жалғаңыз.
Антеннаның орнына кабельді телеарна декодері секілді телехабарды қабылдай алатын жабдық бөлігін жалғауға да болады.
⚙ → ⋮ → **Қосылу** → **Құрылғы коннекторы** іске қосыңыз және құрылғылар тізімінде көрсетілетін **Қосымша құрылғы** таңдап, оны көруге болады.



02 Келесі функцияны қосудан бастаңыз: ⚙ → ⋮ → **Арналар** → **Арналарды реттеу** (**Арналарды реттеу және параметрлері**) → **Автоматты баптау**.
Тек хабар таратылатын арналарды тауып, қосады.


- Бұл функцияға қатысты мәселені шешу үшін, **Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі **Ақаулықты жою** бөлімін қараңыз.

Желі параметрі

Желі параметрі

Желі параметрлерін конфигурацияласаңыз, онлайн контенттер және қолданбалар секілді түрлі қызметтерді пайадалана аласыз.

Сымды желіні орнату



01 LAN кабелін пайдалана отырып теледидардың LAN порты мен маршрутизаторды жалғаңыз.
Маршрутизатор алдын ала Интернетке жалғануы тиіс.

- Егер роутерде DHCP мүмкіндігіне қолдау көрсетілсе, теледидарды LAN кабелімен


желіге қосқан кезде теледидар желіге автоматты түрде қосылады.

Желі автоматты түрде қосылмаған жағдайда

02 Қашықтан басқару құралындағы ⚙ түймесін басыңыз.

03 ⋮ → **Қосылу** → **Сымды қосылым (Ethernet)** параметрін таңдаңыз.
Толығырақ қарау үшін, **Параметрлерін көру** → **Қосылу** → **Сымды қосылым (Ethernet)** (**Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі) қараңыз.

Сымсыз желіні орнату



01 Интернетке жалғанған маршрутизаторды қосыңыз.

02 Қашықтан басқару құралындағы ⚙ түймесін басыңыз.

03 ⋮ → **Қосылу** → **Wi-Fi байланысы** параметрін таңдаңыз.

04 Желіні іздеу аяқталған кезде байланысқа қолжетімді желілер тізімі көрсетіледі.

05 Қосылатын желіні таңдаңыз.
Егер сымсыз LAN роутері құпия сөзбен қорғалса, роутерге конфигурацияланған құпия сөзді енгізіңіз.
Толығырақ қарау үшін, **Параметрлерін көру** → **Қосылу** → **Wi-Fi байланысы** (**Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі) қараңыз.

Желі параметріне қатысты ескертулер

- Стандартты жергілікті желі кабелін (Cat7 немесе одан жоғары RJ45 қосқышымен, 10 Base-T немесе 100 Base TX Жергілікті желі порты) пайдаланыңыз.
- Модемді қалпына келтіру желі байланысының кейбір қателерін түзетуі мүмкін. Проблеманы шешу үшін, қуатты ӨШІРІҢІЗ, оны ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін қуатты қосыңыз.
- LG Electronics компаниясы ешқандай желі байланысының проблемаларына немесе қателеріне, дұрыс жұмыс істемеуге және желі байланысынан туындаған қателерге жауапты емес.

- Интернет қызметі провайдерінің желі параметрлеріне байланысты желі байланысы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- DSL қызметі DSL модемін пайдалануы тиіс; ал кабель қызметі қабельді модемді пайдалануы тиіс. Желі байланыстарының тек шектеулі саны қолжетімді болатындықтан, теледидар желісінің параметрі Интернет қызметінің провайдерімен келісім-шартқа байланысты пайдаланылмауы мүмкін. (Егер келісім-шартта бір желіге бірнеше құрылғы қосылуға рұқсат етілмесе, тек қосылым қойған компьютерді пайдалануға болады.)
- Сымсыз желі 2,4 ГГц жиілікті пайдаланатын басқа құрылғылардан кедергілерге ұшырауы мүмкін (сымсыз телефон, Bluetooth құрылғысы немесе қысқа толқынды пеш). Сонымен қатар, кедергі 5 ГГц жиілікті пайдаланған кезде пайда болуы мүмкін, бірақ оның пайда болу ықтималдығы аз.
- Сымсыз байланыс ортасы сымсыз желі қызметінің жұмысын баяулатуы мүмкін.
- Жергілікті үй желілерін өшірмеуден кейбір құрылғыларда трафик шығыны артуы мүмкін.
- Кіру нүктесінің құрылғысы сымсыз байланыстарды қолдауы керек және сымсыз байланыс мүмкіндігі AP (кіру нүктесі) байланысы бар құрылғыға қосылуы керек. Кіру нүктесіндегі сымсыз байланыстардың қолжетімділігі туралы қызмет көрсету провайдеріне хабарласыңыз.
- Кіру нүктесінің SSID және қауіпсіздік параметрлерін тексеріңіз. Кіру нүктесінің SSID және қауіпсіздік параметрлерін тиісті құжаттамадан қараңыз.
- Желі құрылғыларының (сымды / сымсыз желі таратқыш, жад) сымсыз параметрлері теледидардың баяу жұмыс істеуіне немесе дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін. Құрылғыларды тиісті нұсқаулық пен желіге сай дұрыстап орнатыңыз.
- Байланыс әдісі кіру нүктесі өндірушісіне байланысты өзгеше болуы мүмкін.
- Бұл функцияға қатысты мәселені шешу үшін, **Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі **Ақаулықты жою** бөлімін қараңыз.

Пайдаланушы нұсқаулығы туралы

Пайдаланушы нұсқаулығы туралы

LG webOS теледидарының әр функциясы туралы теледидардағы **Пайдаланушы нұсқаулығы** ақпаратты қараңыз.
Экранның жоғарғы оң жағындағы ? белгішесін бассаңыз, пайдаланушы нұсқаулығына қысқаша нұсқау көрсетіледі.
Пайдаланушы нұсқаулығы нұсқаулығының функцияны сипаттау экранында , опциясы болса, сәйкес функцияға немесе параметрге тікелей өту үшін опциясын басыңыз.

Осы Пайдаланушы нұсқаулығындағы түсті мәтін төмендегілерді білдіру үшін пайдаланылады:

- Қызыл : қашықтан басқару құралының түймелерінің аттары.
- Сары : теледидар экранында көрсетілетін түймелер мен мәтін.
- Жасыл : Теледидар кіріс коннекторларының атаулары.

- **Пайдаланушы нұсқаулығы** кескіндер мен ақпарат үлгіге және жұмыс ортасына қарай басқаша болуы мүмкін.
- Өнім сипаттары өнім функцияларының жаңартылуына байланысты алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Теледидарды пайдалану әдісі

Қашықтан басқару құралын пайдалану

Қашықтан басқару құралының түймесін пайдалану

Әртүрлі функцияларға қатынасу үшін түймесін қысқаша басыңыз және қашықтан басқару түймесін басып тұрыңыз.



бар түймелер үшін ұзақ уақыт бойы басып тұрыңыз (минуттан артық ұстаңыз).

- : **Іздеу** экраны көрсетіледі.
- : Жылдам орнатылатын параметрлер мәзіріне кіреді.
- : Кіріс көзін таңдайды.
- **0** # : **ЖЫЛДАМ ҚАТЫНАСУ** өңдеу экраны пайда болады.
- ••• : Ол қашықтан басқару құралдағы қосымша түймелерді көрсетеді.
- : Ол дыбыс деңгейін реттейді.
- : Теледидар дауысын өшіру үшін таңдаңыз.
  # : **Арн. мүмк-р** мәзіріне кіріңіз.
- : Арнаны ауыстыруға болады.
- : Негізгі мәзірді көрсетеді.
  # : Алдында қолданылған тізімді көрсетеді.



бар түймелер үшін ұзақ уақыт бойы басып тұрыңыз (минуттан артық ұстаңыз).

- : Кіріс көзін таңдайды.
- : Жылдам орнатылатын параметрлер мәзіріне кіреді.
- **0** # : **ЖЫЛДАМ ҚАТЫНАСУ** өңдеу экраны пайда болады.
- ••• : Ол қашықтан басқару құралдағы қосымша түймелерді көрсетеді.
- : Ол дыбыс деңгейін реттейді.
- : Теледидар дауысын өшіру үшін таңдаңыз.
  # : **Арн. мүмк-р** мәзіріне кіріңіз.
- : **Іздеу** экраны көрсетіледі.
- **TV** : Теледидарды немесе LG Channels арналарын көруге болады.
- : Арнаны ауыстыруға болады.
- : Негізгі мәзірді көрсетеді.
  # : Алдында қолданылған тізімді көрсетеді.
- : Алғашқы қадамға жылжу.
- : Мәзірді жабады.

- Қашықтан басқару құралының түймелерінің белгілері мен орналасуы үлгіге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.
- Қолжетімді мүмкіндіктер елге байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Қашықтан басқару құралының түймесін пайдалану

Әртүрлі функцияларға қатынасу үшін түймесін қысқаша басыңыз және қашықтан басқару түймесін басып тұрыңыз.



бар түймелер үшін ұзақ уақыт бойы басып тұрыңыз (минуттан артық ұстаңыз).

- : **Іздеу** экраны көрсетіледі.
- : Жылдам орнатылатын параметрлер мәзіріне кіреді.
- : Кіріс көзін таңдайды.
- **0** # : **ЖЫЛДАМ ҚАТЫНАСУ** өңдеу экраны пайда болады.
- : Ол қашықтан басқару құралдағы қосымша түймелерді көрсетеді.
- : Ол дыбыс деңгейін реттейді.
- : Теледидар дауысын өшіру үшін таңдаңыз.
  # : **Арн. мүмк-р** мәзіріне кіріңіз.
- : Арнаны ауыстыруға болады.
- : Негізгі мәзірді көрсетеді.
  # : Алдында қолданылған тізімді көрсетеді.
- : **Қуатты үнемдеу** параметрін орнатуға болады.



бар түймелер үшін ұзақ уақыт бойы басып тұрыңыз (минуттан артық ұстаңыз).

- : Кіріс көзін таңдайды.
- : Ол субтитрлерді көрсетеді.
- : Жылдам орнатылатын параметрлер мәзіріне кіреді.
- **0** # : **ЖЫЛДАМ ҚАТЫНАСУ** өңдеу экраны пайда болады.
- ••• : Ол қашықтан басқару құралдағы қосымша түймелерді көрсетеді.
- : Ол дыбыс деңгейін реттейді.
- : Теледидар дауысын өшіру үшін таңдаңыз.
  # : **Арн. мүмк-р** мәзіріне кіріңіз.
- : **Іздеу** экраны көрсетіледі.
- **TV** : Теледидарды немесе LG Channels арналарын көруге болады.
- : Арнаны ауыстыруға болады.
- : Негізгі мәзірді көрсетеді.
  # : Алдында қолданылған тізімді көрсетеді.
- : Алғашқы қадамға жылжу.
- : Мәзірді жабады.

- Қашықтан басқару құралының түймелерінің белгілері мен орналасуы үлгіге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.
- Қолжетімді мүмкіндіктер елге байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Қашықтан басқару құралының қосымша мүмкіндіктерін көру

Қашықтан басқару құралының қосымша мүмкіндіктерін көру

ТД экранында көрсетілген түймелер арқылы ТД-ға жалғанған қосымша функцияларды немесе сыртқы құрылғыларды басқаруға болады.

01 Қашықтан басқару құралындағы ••• түймесін басыңыз.

02 Қашықтан басқару құралын пайдаланып, ТД экранында көрсетілген **Қосымша әрекеттер** қалаған түймені таңдаңыз.



❶ Құрылғыны таңдаған кезде, **Қосымша әрекеттер** құрылғыға арналған қашықтан басқару құралына айналады.
Егер дыбыс тақтасы қосылса, **Қосымша әрекеттер** дыбыс тақтаға арналған қашықтан басқару құралы ретінде пайдалануға болады.

- Қосымша ақпаратты **Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі **Теледидарды пайдалану әдісі** → **Әмбебап қашықтан басқару құрылғысы** бөлімінен қараңыз.
- Әмбебап қашықтан басқару функциясын пайдалану үшін сізге Magic Remote құралы керек.

❷ Экранның төменгі жағында сіз қарайтын бағдарламаға қатысты түрлі ақпарат шығады.

- Толығырақ қарау үшін, **Телеарналарды пайдалану** → **MAGIC LINK опциясын пайдалану** (**Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі) қараңыз.

❸ Теледидар экранын түсіруге болады.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.
- Экранда түсірілген кескіндерді **Фото және бейне** қолданбасында көруге / жоюға болады.
- Экранда жасалған суреттерді USB сақтау құрылғысына **Фото және бейне** қолданбасында көшіруге болады.
(Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.)

❹ **Пайдаланушы нұсқаулығы** қосылу.
Кейбір ТД элементтерінде **Пайдаланушы нұсқаулығы** таңдаңыз және элементтің Пайдаланушы нұсқаулығын көре аласыз.

❺ Сіз қарап жатқан ТД бағдарламасының ақпараты мен сыртқы кіріс экранда көрсетіледі.

❻ Сіз спорттық ойындарды көру үшін бейне/дыбыс режимін орната аласыз.

❼ Экранды бөлу арқылы live TV көріп, сыртқы кірісті бір уақытта пайдалана аласыз.

- Толығырақ қарау үшін, **Телеарналарды пайдалану** → **Бірнеше көрініс** (**Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі) қараңыз.
- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

❽ Көріп отырған бағдарламаларға қатысты функцияларды орната аласыз.

- Қолжетімді мүмкіндіктер хабар тарату сигналына байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

- **Қосымша әрекеттер** пайда болатын түйме түрлері аймаққа және қосылған құрылғының түріне байланысты әр түрлі болады.

Қолданбаларды ЖЫЛДАМ ҚАТЫНАСУ мүмкіндігімен іске қосу

ЖЫЛДАМ ҚАТЫНАСУ функциясымен қолданбаларды тез және оңай пайдалану

Қолданбаны ашу немесе түймеге тіркелген сыртқы кірісті белсендендіру үшін қашықтан басқару құралындағы нөмір түймесін басып тұрыңыз.

ЖЫЛДАМ ҚАТЫНАСУ реттеу

01 Қолданбаны іске қосыңыз немесе тағайындау қажет арна немесе кірісті таңдаңыз.


02 Тіркегіңіз келетін нөмір түймесін (**1**~**8**) басып тұрыңыз.
№ **9 Жылдам анықтама** үшін тіркелген.

03 Тіркеу терезесі ашылғанда **Иә** опциясын таңдаңыз.

- Тіркелген нөмір түймесін басып тұрсаңыз тіркелген функция орындалады.
- Тіркеуге болатын элементтерді көру үшін **ЖЫЛДАМ ҚАТЫНАСУ** өңдеу режимінде тіркелмеген нөмірді таңдаңыз.
- **ЖЫЛДАМ ҚАТЫНАСУ** функциясы іске қосылмайтын режимде болсаңыз, ешқандай әрекет орындалмайды.
- Тіркелген қолданбаны жойсаңыз, **ЖЫЛДАМ ҚАТЫНАСУ** функциясы да тіркеуден шығарылады.

ЖЫЛДАМ ҚАТЫНАСУ функциясын тексеру және өңдеу

Қашықтан басқару құралындағы 0 нөмірлі түймесін басыңыз.
ЖЫЛДАМ ҚАТЫНАСУ өңдеу экраны пайда болады.



1. Тіркелген нөмірді таңдасаңыз, оны тіркеуден шығаруға болады.
2. Тіркелмеген нөмірді таңдасаңыз, тіркеуге болатын элементтер көрсетіледі.
3. Басқа нөмірге тіркелген элемент қанат белгісімен көрсетіледі.
4. Осы функция бойынша қысқаша нұсқауды көруге болады.

SIMPLINK (HDMI-CEC)

SIMPLINK мүмкіндігін пайдалану

HDMI арқылы теледидардың қашықтан басқару құралына қосылған әр түрлі мультимедиалық құрылғыларды қолайлы басқарып пайдалануға болады.

01 HDMI кабелімен SIMPLINK HDMI шығыс портын теледидардың **HDMI IN** портына жалғаңыз.

02 Қашықтан басқару құралындағы ⚙ түймесін басыңыз.

03 ⋮ → **Қосылу** → **HDMI құрылғысының параметрлері** параметрін таңдаңыз.

04 **SIMPLINK (HDMI-CEC)** функциясын **қосу** күйіне орнатыңыз.

05 **Қуатты автоматты синхрондау** параметрлерін **қосу** немесе **Өшірулі** күйіне қойыңыз. (Егер «Қуатты автоматты түрде синхрондау» параметріне **қосу** мәні қойылса, SIMPLINK арқылы байланысқан құрылғыны қосқанда, теледидар қосылады. Теледидарды өшіргенде, құрылғы да өшеді.)

06 Жалғанған құрылғыны қосыңыз. Теледидар құрылғыға автоматты түрде қосылғанда, кіріс ауысады.

Құрылғы теледидарға автоматты түрде қосылмаса, «Кіріс» түймесін басыңыз.

- Бұл мүмкіндік SIMPLINK логотипімен жұмыс істейді. Сыртқы құрылғыда SIMPLINK логотипін тексеріңіз.
  Құрылғы талап етілетін техникалық сипаттамаларға сәйкес келмесе, ақау туындауы мүмкін.
- SIMPLINK мүмкіндігін пайдалану үшін CEC (тұтынушының тұрмыстық техникасын басқару) функциясы бар жоғары жылдамдықты HDMI® кабелі керек. Жоғары жылдамдықты HDMI® кабелінің 13-істігі құрылғылар арасында деректер тасымалдау үшін қолданылады.
- Егер дыбысты HDMI кабелімен жалғанған сыртқы аудио жабдықтан шығарғыңыз келсе, **SIMPLINK (HDMI-CEC)** параметріне **қосу** мәнін қойыңыз.

Қолдау көрсетілетін SIMPLINK функциялары

Жылдам ойнату

Мультимедиа құрылғысын іске қосқан кезде, ешнәрсені бақылау қажеттігінсіз теледидарда құрылғының мазмұнын бірден қарауға болады.

Теледидардың қашықтан басқару құралы арқылы құрылғыларды басқару

Мазмұнды қарау үшін пайдаланушыға теледидардың қашықтан басқару құралымен мультимедиа құрылғыларын басқаруға мүмкіндік береді.

- Magic Remote қашықтан басқаруының меңзерінің жұмысын шектеуге болады.

Қуат көзін өшіру

Егер **Қуатты автоматты синхрондау қосу** үшін **HDMI құрылғысының параметрлері** орнатылса және ТД-ды өшірсеңіз, SIMPLINK арқылы ТД-ға қосылған құрылғылар да өшіріледі.

- Бұл мүмкіндік тек кейбір құрылғыларда қолданылады.

Қуат көзін қосу

Егер **Қуатты автоматты синхрондау қосу** үшін **HDMI құрылғысының параметрлері** орнатылса; SIMPLINK пен байланыстырылған құрылғыны қосу ТД-ды қосады.

- Егер **SIMPLINK (HDMI-CEC)** параметрі **Өшірулі** күйіне орнатылса, **Қуатты автоматты синхрондау** параметрін **қосу** күйіне орнату мүмкін емес.
- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

Арн. мүмк-р бөліміне қысқа жолдар

Арн. мүмк-р бөліміне қысқа жолдар

Арн. мүмк-р бөліміне тікелей, Қосымша параметрлер мәзіріне бармай-ақ өтуге болады.

Қашықтан басқару құралындағы түймесін басып тұрыңыз.

Мәзір тұнықтығы, **Жоғары контраст**, т.б. орнатуға болады.

Пернетақтаны және тінтуірді пайдалану

USB сымды / сымсыз тінтуірін пайдалану

Тінтуірді USB портына қосыңыз. Теледидар экранында меңзерді жылжыту және қажетті мәзірді таңдау үшін тінтуірді пайдаланыңыз.

- Тінтуірдегі оң жақ және арнайы түймелер істемейді.
- Сымсыз USB тінтуірін / пернетақтасын пайдаланғанда, арақашықтық және сымсыз байланыстың күйі жұмысқа әсер етуі мүмкін.

USB сымды / сымсыз пернетақтасын пайдалану

Пернетақтаны USB портына қосыңыз. Қосылған пернетақта құрылғысымен мәтінді енгізуге болады.

- Кейбір экрандарға мәтін енгізу мүмкін емес.
- LG теледидарларымен үйлесімділігі тексерілген өнімді пайдалану ұсынылады. LOGITECH K360, LOGITECH K400, LOGITECH K750, LG Electronics MKS-1200
- Енгізу тілін ауыстыру үшін, тіл ауыстыру пернесін немесе оң жақтағы Alt пернесін басып, сондай-ақ, Ctrl пернесі мен Space пернесін бір уақытта басып өзгертуге болады.
- Қолданыс ауқымы мен сымсыз орта сымсыз USB пернетақтасын пайдалануға әсер етуі мүмкін.
- Мәтіндік өріске мәтінді енгізу үшін ТД экранындағы экрандық пернетақтаны немесе USB пернетақтасын пайдаланыңыз.

Ойын тақтасын пайдалану

Ойын тақтасын пайдалану

Ойын үшін ойын тақтасы қажет болса, теледидардың USB портына ойын тақтасын жалғаңыз.

- LG теледидарларымен үйлесімділігі тексерілген ойын тақтасын пайдалану ұсынылады.
  LOGITECH F310, LOGITECH F510, LOGITECH F710, LOGITECH Rumblepad 2, LOGITECH Cordless Rumblepad 2, LOGITECH Dual Action Gamepad, MICROSOFT Xbox 360 Controller (кабель), SONY Playstation(R)3 Controller

Телеарналарды пайдалану

Тікелей мәзір

Шынайы мәзірді пайдалану

Теледидар хабарларын қарау кезінде қатысты мүмкіндіктерді пайдалануға болады.

01 Қашықтан басқару құралындағы ⌂ түймесін басыңыз. Басты экраннан **ТД** таңдаңыз.

02 Magic Remote басқару құралындағы көрсеткішті ТД экранының сол жағына жылжытыңыз.
Оларды ешбір таратылымды қарамаған жағдайдың өзінде қашықтан басқару құралындағы **LIST** түймесін басу арқылы шығаруға болады.




1. **Ұсынылған** / **ҚАЗІР ҚОСУЛЫ** : Бағдарлама ұсыныстарын алыңыз.
2. **Арналар** : ағымда таратылатын хабар мазмұндарының тізімін қараңыз.
3. **ТД бағыттауышы** : Бағдарламаларды және әр бағдарламаның кестесін көруге болады.
   Толығырақ қарау үшін, **Телеарналарды пайдалану** → **ТД бағыттауышы** (**Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі) қараңыз.
4. **Жазулар** : Сақтау құрылғысында сақталған жазбаларды тексеріп, жазбаларды ойнатуға болады.
   Толығырақ қарау үшін, **Телеарналарды пайдалану** → **Жазылған ТД бағдарламасын ойнату** (**Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі) қараңыз.
5. **Жоспарлаушы** : Бағдарламаны белгіленген уақытта қарауды немесе жазуды жоспарлау үшін, оның уақыты мен күнін енгізуге болады.
   Толығырақ қарау үшін, **Телеарналарды пайдалану** → **Жоспарлаушы** (**Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі) қараңыз.

- Арналар тізімінде көрсетілетін арналар — таратылым қызметі провайдерімен қамтамасыз етілетін арналар конфигурациясы. Сол себепті, егер таратылым қызметі провайдері ескертусіз арна конфигурациясын өзгертсе, арналар тізімінде көрсетілетін арналар нақты теледидар арналарынан өзгеше болуы мүмкін.
- Арналар тізімінде көрсетілетін арна туралы ақпарат сыртқы электрондық бағдарлама нұсқаулығы (EPG) провайдерлерімен қамтамасыз етілетін ақпараттан тұрса, бұл нақты теледидар арналарынан өзгеше болуы мүмкін.
- Дұрыс ұсыныс қызметтерін алу үшін желіні, ауданды және авто реттеуді орнату керек.
- Өзгермелі элементтер үлгіге байланысты өзгеше болады.

ТД бағыттауышы

Телебағдарламалар кестесін көру

Бағдарламаларды және әр бағдарламаның кестесін көруге болады.
Қашықтан басқару құралдың **LIST** түймесін басып және экранның сол жағында **ТД бағыттауышы** қойыншасын таңдаңыз.




1. Әр аймақты басыңыз және жоғарғы жағына жылжи аласыз.
2. Арна және таратушы туралы ақпаратты қарауға болады.
3. Ағымдағы уақытта көріп отырған бағдарлама туралы ақпаратты, сондай-ақ қажетті бағдарлама ақпаратын көруге болады.
4. ☰ түймесін немесе қажетті бағдарламаның тақырыбын таңдаңыз. Қосымша ақпаратты көруге және **КӨРУ** / **ЖАЗУ** орындауға болады (тек кейбір үлгілерде қолжетімді) немесе **ЕСКЕ САЛҒЫШ** / **ЖОСПАРЛАНҒАН ЖАЗУ** (тек кейбір үлгілерде қолжетімді), және т.б.
5. Ағымдағы күн мен уақыт бойынша бағдарламалар тізіміне өтесіз.
6. **Арна реттеушісі** мүмкіндігін іске қосыңыз.
7. Экранда көрсетілетін арналардың санын реттеу үшін бағдарламалар тізімінің өлшемін өзгертуге болады.
8. Сүзгіні орнатады.
9. Mini TV қосуға / өшіруге болады.

- Бағдарлама туралы ақпарат таратылым туралы мәліметі жоқ арналар үшін көрсетілмейді.
- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.
- Өзгермелі элементтер үлгіге байланысты өзгеше болады.

Бағдарлама ақпаратын тексеру

Бағдарлама ақпаратын көру

Тікелей таратуды қарап отырғанда, **Дөңгелек (OK)** түймесін басыңыз. Арналар баннері пайда болады.



❶ **Арналар** жылжыңыз.
Толығырақ қарау үшін, **Телеарналарды пайдалану** → **Тікелей мәзір** (**Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі) қараңыз.

❷ Ол көріп отырған бағдарлама туралы ақпаратты көрсетеді. Толық бағдарлама ақпаратын көру немесе баннерге қатысты қосымша функцияларды іске қосу үшін толық ақпарат қалқымалы терезесін енгізу үшін арна баннерін таңдаңыз.

Басқа арналар туралы таратылым ақпаратын ▲ / ▼ түймелерінің көмегімен көруге болады.

Ағымда қаралатын арна туралы таратылым ақпаратын ◀ / ▶ түймелерінің көмегіммен көруге болады.

Баннер орнын жылжыту үшін, қашықтан басқару құралындағы ⬭ түймесін басыңыз.

- Осы функцияларды тек қалқымалы толық ақпарат шегінде ғана басқаруға болады.

❸ Ол Жазу / Live Playback қызметіне қатысты мазмұнды көрсетеді.
Толығырақ қарау үшін, **Телеарналарды пайдалану** → **Live Playback** (**Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі) қараңыз.

❹ Егер көріп отырған бағдарлама **Субтитр** немесе **Дыбыстық сүйемелдеу тілі** сияқты ақпаратты қамтитын болса, осы функцияларды орната аласыз.

- SUB : **Субтитр** параметрін орнатуға болады.

- : **Дыбыстық сүйемелдеу тілі** параметрін орнатуға болады.
  - Тек сандық таратылымдармен қолжетімді.
- : **Мульти аудио** параметрін орнатуға болады.
  - Тек аналогтық таратылымдармен қолжетімді.

- Қолжетімді мүмкіндіктер хабар тарату сигналына байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

Who.Where.What?

Who.Where.What? опциясын пайдалану

Ол қазір сіз қарап жатқан көрініске қатысты әртүрлі ақпаратты ұсынады.

- Ақпарат бағдарламаға байланысты басқаша болуы мүмкін.
- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

Who.Where.What? режиміне кіру

1-әдіс. Қашықтан басқару құралындағы **Дөңгелек (OK)** түймесін басыңыз.
Арна баннерінде **Who.Where.What?** түймесін басыңыз.



2-әдіс. Егер бағдарламаны қарау кезінде ақпарат танылса, онда хабарландыру автоматты түрде көрсетіледі. Көрсетілген хабарландыруға басыңыз.

- Автоматты ұсыныстарды алу үшін, → → **Жалпы** → **AI қызметі** → **Who.Where.What?** опциясын «Қосулы» мәніне орнатуыңыз қажет.



3-әдіс. Сондай-ақ, оны дауысты тану ретінде де пайдалануға болады.
Мысалы) Бұл адам кім?/Бұл орын қайда орналасқан?/Бұл қандай сөмке?

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

Who.Where.What? ақпаратын тексеру

Сіз қарап жатқан көрініске қатысты әртүрлі ақпарат экранда пайда болады.
Толық мәліметтерді көргіңіз келетін ақпаратты таңдаңыз.
Ақпаратты **Тілектер тізімі** ішіне сақтап, кез келген уақытта қайта оралыңыз.



- Live TV немесе HDMI-де қолжетімді. Дегенмен, әмбебап қашықтан басқару пультінің параметрлері бар кейбір OTT құрылғыларына қолдау көрсетілмейді.
- Оны пайдаланбас бұрын, желіге қосылып, пайдалану шарттарына келісуіңіз қажет.
- Егер **LG Channels** (IP арнасы) қарап жатсаңыз немесе экранды суретке түсіру мүмкіндігіне қолдау көрсетпейтін режимде болсаңыз, бұл қолжетімсіз болады.

MAGIC LINK опциясын пайдалану

MAGIC LINK опциясын пайдалану


Ол сіздің ағымдағы қарап жатырған бағдарламаңыз туралы түрлі бейнелер мен ақпаратты ұсынады.

01 Қашықтан басқару құралындағы **Дөңгелек (OK)** түймесін басыңыз. Арналар баннері пайда болады.



02 Арналар баннерінде **MAGIC LINK** түймесін басыңыз.

03 Экранның төменгі жағында сіз қарайтын бағдарламаға қатысты түрлі ақпарат шығады.
Қажетті ақпаратты таңдаңыз.



- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.
- Іздеу ауқымы елге байланысты өзгеше болуы мүмкін.

- **MAGIC LINK** мүмкіндігі қолданылғанда, ұсынылған мазмұн сіздің сол уақытта қарап отырған бағдарламаңызбен сәйкес келмеуі мүмкін. **MAGIC LINK** мүмкіндігін пайдалану алдында арнаны әмбебап қашықтан басқару құралымен ауыстырыңыз.
- Кейбір ересектерге арналған арналар немесе құлыпталған арналар бұл функцияға қолдау көрсетпейді.
- Іздеу нәтижелері сіз қарайтын бағдарлама туралы ақпаратқа байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Live Playback

Live Playback (нақты уақытта ойнату) функциясын пайдалану

Көріп отырған бағдарламаңызды USB HDD құрылғысына уақытша сақтау үшін осы функцияны пайдалануға болады, сонда теледидар қараған кезде жіберіп алған көріністерді қайта ойнатуға болады. Бұл функция, біраз уақытқа шығып кетсеңіз, тоқтатылған жерден бастап көруді жалғастыруға мүмкіндік береді.

01 USB HDD құрылғысын USB портына салыңыз.

02 Қашықтан басқару құралының **Дөңгелек (OK)** түймесін басыңыз немесе меңзерді экранның жоғарғы жағына жылжытыңыз.

03 Экранның төменгі жағындағы **LIVE PLAYBACK БАСТАУ** түймесін басыңыз.

04 Шынайы хабарды көріп отырған кезде меңзермен орындалу жолағынан қажетті жерді таңдаңыз. Бұл мүмкіндікті пайдалану үшін қашықтан басқару құралындағы ◀ / ▶ түймелерін де басуға болады.
Орындалу жолағынан ағымдағы жерге қарағанда алдыңғы жерді таңдаңыз.



- Екі не одан көп USB HDD құрылғысы теледидарға қосылған кезде Live Playback функциясымен қолданылатын құрылғыны таңдаңыз.
- USB флэш-жадын пайдалану мүмкін емес. Жалпы жады 80 ГБ немесе одан көп болатын USB HDD жадын қосыңыз.
- Егер USB HDD құрылғысында бос орын жеткіліксіз болса, Live Playback функциясы дұрыс істемеуі мүмкін. Live Playback функциясын пайдалану үшін кемінде 2.3 Гбайт орны бар USB HDD құрылғысы керек.
- Оны аналогтық немесе сандық хабар тарату және кіріс режимінде пайдалануға болады. Дегенмен, радио арнасын тыңдап отырғанда бұл опцияны пайдалану мүмкін емес.
  (Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.)
- **COMPONENT IN** және **HDMI IN** қосылған арналарда **Live Playback** қолдау көрсетілмейді.
  (**COMPONENT IN** порты тек белгілі бір үлгілерде бар.)
- Live Playback функциясымен қалған USB HDD сыйымдылығына байланысты екі сағатқа дейін бағдарламаны ойнатуға болады. Бұл уақыт аймаққа байланысты өзгеріп отыруы мүмкін.
- Live Playback режимінде сақталған бейнелер жазылмай теледидарды өшірсеңіз, олар жойылады.

Жазу

Жазу функцияларын пайдалану

LG webOS TV жазу мүмкіндігі арқылы теледидар бағдарламасын немесе радио арнасын жазуға болады.

Жедел жазуды пайдалану

01 USB HDD немесе USB флэш-жадын USB портына қосыңыз.
USB HDD құралына жазу ұсынылады.

02 Тікелей таратуды қарап отырғанда, **Дөңгелек (OK)** түймесін басыңыз.

03 Экранның сол жағындағы ● түймесін басыңыз.

04 Егер жазуды тоқтатқыңыз келсе, ■ түймесін басыңыз.



Жазуға көңіл бөлу қажет жағдайдар

- Жазылып жатқанда, жазу туралы ақпаратты көрсету үшін **Дөңгелек (OK)** түймесін басыңыз.
  Еліңізге байланысты **Дөңгелек (OK)** түймесінің жұмысы өзгеше болуы мүмкін.
- Жазуды басталмастан бұрын жазу ұзақтығын орнатуға болады.
- Егер бірнеше USB жад құрылғысы қосылса, соңғы жазылған жад құрылғысы автоматты түрде таңдалады.
- USB HDD бөлігінің қолжетімді сыйымдылығы кемінде 1 ГБ болуы қажет.
- USB флэш-жадында кемінде 4 ГБ сақтау орны болуы қажет.
- Жазу уақыты USB сақтау құрылғысының сыйымдылығына байланысты өзгеріп отыруы мүмкін.
- USB флэш-жады жазу үшін бірінші рет қолданылғанда, теледидарда өнімділік тесті орындалады. Тек тест аяқталғаннан кейін ғана жазуға болады.
- Мазмұнды қорғау технологиясы қолданылатындықтан, жазылған бейне компьютерде немесе басқа теледидар үлгілерінде ойнатылмауы мүмкін. Сондай-ақ, теледидардың бейне сигнал тізбегі алмастырылса, бейнені ойнату мүмкін болмайды.
- Жазып жатқанда USB кабелін ажыратуға болмайды.
- Жазу кезінде теледидарды өшірсеңіз, жазылған мазмұн сақталмауы мүмкін. Ең дұрысы — теледидарды өшірер алдында жазуды тоқтатып, бағдарламаның жазылғанын тексеріңіз.

- USB сақтау құрылғысы ақаулы болса, жазу дұрыс орындалмауы мүмкін.
- USB жады немесе ұзартқыш кабел пайдаланылған кезде USB құрылғысы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Сақтау құрылғысын жазудан басқа мақсаттарда пайдалануға болады, осылайша жазу процедурасы құрылғыда бос орын жеткіліксіз болғандықтан үзілуі мүмкін. Жазу үшін бос орны жеткілікті сақтау құрылғысын пайдаланған жөн.
- Жазу барысында басқа арналарды қарауға немесе басқа функцияларды пайдалануға болады. Дегенмен, кодталған арнаны жазған кезде, тек жазылып жатқан арналарды және тегін арналарды пайдалануға болады.
  (Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.)

  · Жазу кезінде арна режимдерін өзгертуге болмайды.

  · Бір жерсеріктік сигналға қосылған кезде :
  Белгілі бір арнаны басқа арнаны бөлек режимде қарау кезінде жаза бастасаңыз, арна жазылатын арнаға ауысады.

  · Екі жерсеріктік сигналға қосылған кезде :
  Тіпті белгілі бір арнаны басқа арнаны бөлек режимде қарау кезінде жаза бастасаңыз, арна жазылатын арнаға ауыспайды.

- Өзгермелі элементтер үлгіге байланысты өзгеше болады.
- Жазып жатқан кезде кейбір функциялар қол жетімді болмауы мүмкін.
- Аналогтық жазбалар тек белгілі бір үлгілерде бар.
- Кіріс сигнал арқылы жазғанда, **COMPONENT IN** және **HDMI IN** ұяларына қосылған арналар жазылмайды.
  (**COMPONENT IN** порты тек белгілі бір үлгілерде бар.)
- USB дискісіне жазылып жатқанда, Bluetooth бен USB порты дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- 10 секундтан артыққа созылмайтын жазбалар сақталмайды.
- Бір дискіге мазмұнның 600 данасын сақтауға болады.


Жоспарлаушы

Жоспарлаушы функциясын қолдану

Бағдарламаны белгіленген уақытта қарауды немесе жазуды жоспарлау үшін, оның уақыты мен күнін енгізуге болады.

01 Қашықтан басқару құралдың **LIST** түймесін басып және экранның сол жағында **Жоспарлаушы** қойыншасын таңдаңыз.

02 Жоғарғы оң жақта таңдаңыз.



❶ Реттеу тәртібін өзгертіп немесе сүзгіні қолдана аласыз.

❷ жою режимін орнатуға болады.

❸ жаңа жоспарланған жазбаны орнатуға болады

❹ жаңа еске салғышты орнатуға болады

❺ **ТД бағыттауышы** мүмкіндігін іске қосыңыз.

Бағдарлама бойынша сұрыптау

Көру не жазу үшін көрсетуді жоспарлауды таңдауға болады.

01 Қашықтан басқару құралдың **LIST** түймесін басып және экранның сол жағында **ТД бағыттауышы** қойыншасын таңдаңыз.

02 Қажетті бағдарламаны таңдаңыз.
Шынайы хабарды жазғыңыз келсе, **ЖАЗУ** немесе **КӨРУ** түймесін басыңыз.
Келешектегі бағдарлама жағдайында **ЖОСПАРЛАНҒАН ЖАЗУ** немесе **ЕСКЕ САЛҒЫШ** түймесін басыңыз.

- Жоспарланған жазу бағдарламаның нақты жазу уақытына кепілдік бермейді, себебі бағдарлама хабар тарату станциясының ақпараты ретінде жазылады.
- Сандық хабар таратуға қолданылады.

Қолмен жоспарлау

Бағдарламаларды көру не жазу үшін күнін, уақытын және бағдарламаны таңдауға болады.

01 Қашықтан басқару құралдың **LIST** түймесін басып және экранның сол жағында

Жоспарлаушы қойыншасын таңдаңыз.

02 Жоғарғы оң жақта таңдаңыз.

03 Жоғарғы оң жақта немесе таңдаңыз.

04 **ҚОЛМЕН ЖАСАУ** опциясын таңдаңыз.

05 Жазу немесе қарау күнін, уақытын және арнаны орнатыңыз.

- Жоспарланған жазудың ұзақтығы кемінде 1 минут болуы тиіс.

Сериялар жазу

Таңдалған бағдарламаның әрбір эпизодын автоматты түрде жазу үшін сериялар жазу функциясы пайдаланылады.
Егер бағдарлама сериал болса, сериялар **ЖОСПАРЛАНҒАН ЖАЗУ** параметрі **ТД бағыттауышы** мәзіріндегі немесе теледидар қарап отырғанда **ЖАЗУ** параметрі арқылы жазуға болады.

- Серия жазбаларындағы мәліметтер экранында серия жазу прогресін көруге болады.
- **Жазулар** қолданбасында серия жазбаларын ойнатуға болады.
- Бұл функцияларды пайдалану үшін аймағыңызды және желі күйін тексеріңіз.
- Жоспарланған серия жазбасы мен басқа жоспарланған жазба бір уақытта болса, не болмаса, тарату ақпаратында проблема болса, серия эпизодтар ретінде жазылмауы мүмкін.
- Өзгермелі элементтер үлгіге байланысты өзгеше болады.


Жазылған ТД бағдарламасын ойнату

Жазбаларды реттеу

Сақтау құрылғыларында сақталған жазбаларды **Жазулар** қолданбасымен көруге және ойнатуға болады.

01 Қашықтан басқару құралдың **LIST** түймесін басып және экранның сол жағында **Жазулар** қойыншасын таңдаңыз.

02 Жоғарғы оң жақта таңдаңыз.



❶ Пайдаланылатын жад құрылғысын, жазба түрін және сұрыптау тәсілін таңдаңыз.

❷ Қалаған мазмұнды таңдап жойыңыз.

❸ Мазмұн туралы толық ақпаратты көрсетіңіз.
Толық ақпараты бар қалқыма терезесінде мазмұн тақырыбын өзгертуге болады.

❹ **Іздеу** мүмкіндігін іске қосыңыз.


- Ағымдағы теледидарда жасалған жазбаларды **Жазулар** мәзірінде тек ойнатуға болады.

Жазбаларды ойнату

Ойнату экранында ойнату және уақытша тоқтату сияқты негізгі мүмкіндіктерге кіруге және пайдалануға болады.

01 **Жазулар** қолданбасынан қажетті жазбаны таңдаңыз.

02 Ойнату барысында **Дөңгелек (OK)** түймесін басу арқылы қажетті жазба ойнатылуын басқаруға болады.



❶ Негізгі ойнатуға қатысты мүмкіндіктерді пайдалануға болады.

❷ Бейнені қайта ойнатумен байланысты параметрлерді жасай аласыз.


❸ Бұл қосымша мүмкіндіктерді орнатуға болатын экранға ауысады.

Қосымша мүмкіндіктерді орнату

A-B қайталау, субтитрлер, т.б. орнатуға болады.

01 Қажетті жазбаны ойнату барысында **Дөңгелек (OK)** түймесін басыңыз.

02 Экранда ••• параметрін таңдаңыз.



❶ қайталау немесе өңдеу және сақтау кезінде қаралатын бөлімді көрсету.

❷ субтитрлерді қосу немесе өшіру.

❸ шығарылатын аудио тілін таңдау.

❹ Соңғы көрінген көріністен ойнатуды жалғастыру үшін қарауды жалғастыру күйіне орнатуға болады.

❺ Негізгі жұмыс экранына оралады.

- Өзгермелі элементтер үлгіге байланысты өзгеше болады.

Интернет арналарын (LG Channels) қарау

Интернет каналдарды көру

Сіз осы қызмет арқылы Интернетте нақты уақыттағы көрсетілімдерді көре аласыз. **LG Channels** қызметінде Интернет арналары туралы ақпаратты көруге немесе сіз ұнататын арналарды басқаруға болады.

01 Қашықтан басқару құралындағы ⚙ түймесін басыңыз.

02 ⋮ → **Арналар** опциясын таңдаңыз.

03 **LG Channels** функциясын **қосу** күйіне орнатыңыз.

04 Интернет арнасын **ТД** көруге болады.

05 Интернет арнасын қарау кезінде Қашықтан басқару құралының ⬬ түймесін басыңыз. **LG Channels** бастауға болады.

06 Пайдаланушыларға қолданбаларды ауыстырмай, ағымдағы арнаға қатысты мазмұнды ыңғайлы көруге мүмкіндік беретін «Интерактивті арна» қызметін пайдалануға болады.
«Интерактивті арнаны» қашықтан басқару құралындағы пернелерді басып немесе Интернет арнасы экранында пайда болатын нұсқауларға сәйкес экранды түрту арқылы пайдалана аласыз.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.
- Кейбір интернет арналары бұл қызметті қолдамауы мүмкін.
- Кейбір **ТД** қолтанбасының мазмұны басқа қолтанбаға ауыстыруы мүмкін.
- ТД Интернет қатынасы бар желіге қосылуы қажет.
- **LG қызметтер елі** параметрі өзгертілсе, қызмет қолжетімсіз болады.
- Live Playback функциясы мен жазу Интернет арналары үшін қолжетімсіз.
- Хабар таратушы компаниясының алдын ала ескертуісіз Интернет арна қызметтері тоқтатылуы немесе өзгертілуі мүмкін.
- ⚙ → ⋮ → **Жалпы** → **Орны** мәзірінде **Хабар таратушы ел** және **LG қызметтер елі** бірдей болуы тиіс. Егер олардың кез келгенін өзгертсеңіз, қызметті пайдалана алмайсыз.

TELETEXT

Телемәтінді пайдалану

Телемәтін — теледидар бағдарламалары, жаңалықтар мен ауа райы туралы мәтінге негізделген ақпаратты ұсынатын теледидар станциясы көрсететін тегін қызмет.
Осы теледидардың телемәтін декодері SIMPLE (ҚАРАПАЙЫМ), TOP (ЖОҒАРҒЫ) және FASTEXT (ТЕЗ МӘТІН) жүйелерін қолдайды.

01 Қашықтан басқару құралындағы ••• түймесін басыңыз.

02 **МӘТІН** опциясын таңдаңыз.

03 TELETEXT терезесі пайда болады.

04 Теледидардың хабар таратуын және ТЕЛЕМӘТІНДІ бір уақытта көру үшін, қашықтан басқару құралында ••• түймесін басып, **МӘТІН** таңдаңыз.

Түсті түйме

Алдыңғы немесе келесі бетті таңдау үшін.

Сандық түйме

Өтетін беттің нөмірін енгізу.

(Арналар) ∧ / ∨ түймесі

Голливудтың таңдаулы контентімен жұмыс істейтін Technicolor компаниясының атақты ғалымдарымен реттелген түстер.

isf® Експерт (Ашық бөлме) / isf® Експерт (Қараңғы бөлме)

Маманға немесе сурет сапасы ұнайтын адамға ең жақсы сурет сапасын баптауға мүмкіндік береді. Бұл опция ISF сертификатталған сурет сапасын баптайтын мамандарға берілген реттеуші мәзір болып табылады. (ISF логотипін ISF сертификатталған теледидарымен бірге ғана пайдалануға болады.)

ISFccc : Imaging Science Foundation Certified Calibration Control

HDR / Advanced HDR / Dolby Vision сигналдарын пайдаланған кезде

Шынайы

Контрастын, ашықтығы мен айқындығын арттырып, суретті айқындайды.

Стандартты

Қалыпты қарау жағдайында ол HDR айқындығын және ашықтығын көрсететін экранды ашады.

Үй кинотеатры

Экран **Кинотеатр** экранына қарағанда ашық әрі анық көрінеді.

Кинотеатр

Кескінді HDR бейне сигналына сәйкес реттеңіз.

Ойын

Кескінді ойын процесіне сәйкес реттеңіз.

technicolor® Маман

Голливудтың таңдаулы контентімен жұмыс істейтін Technicolor компаниясының атақты ғалымдарымен реттелген түстер.

- Егер HDR / Advanced HDR / Dolby Vision бейне сигналы HDR / Advanced HDR / Dolby Vision технологиясын қолдамайтын үлгілерге берілсе, ол қалыпты сигналды сурет режимінің опцияларын қамтамасыз етеді.
- Өзгермелі элементтер үлгіге байланысты өзгеше болады.
- Кіріс сигналына байланысты қол жетімді сурет режимдері әр түрлі болуы мүмкін.
- Онлайн қызмет мазмұнын қарағанда Сурет режимі көрсетіліп жатырған мазмұнға сәйкес келуі үшін өзгертілуі мүмкін.
- isf® Маман опциясы сурет сапасы маманына стандартты суреттің сапасын нақты баптауға мүмкіндік береді. Осылайша ол қалыпты суретке тиімді болмауы мүмкін.
- **Сурет режимі** параметрін өзгерту **Қуатты үнемдеу** және **Motion Eye Care** параметрлерін өзгертеді және ол энергияны тұтынуға әсер етуі мүмкін. **Қуатты үнемдеу** және **Сурет опциялары** мәзіріндегі параметрлерді қолмен реттеуге болады.

Нақты баптайтын сурет режимі

→ → **Сурет** → **Сурет режимінің параметрлері**

Бұл мүмкіндік таңдалған сурет режимін толығымен реттеуге мүмкіндік береді.

Артқы жарық

ықАртқы жарығын реттеп, экран жарықтығының деңгейін басқарады. 100 мәніне жақындаса, экран ашық бола түседі.

- Энергияны тұтынуды азайту үшін **Артқы жарық** мәнін азайтыңыз.
- **Қуатты үнемдеу** (**Авто** / **Максимум**) күйіне байланысты, **Артқы жарық** параметрін реттей алмауыңыз мүмкін.
  Мұндай жағдайда → → **Сурет** → **Қуатты үнемдеу** тармағына өтіп, **Өшірулі** немесе **Минимум** күйіне орнатыңыз.

OLED ЖАРЫҒЫ

OLED панелінің жарықтығын өзгерту арқылы дисплей жарықтығын реттейді.

Контраст

Суреттің ашық және қараңғы жерлерінің контрастын реттейді. 100 мәніне жақындаса, контраст жоғарылай түседі.

Ашықтық

Экранның жалпы жарықтығын реттейді. 100 мәніне жақындаса, экран ашық бола түседі.

Дәлдік

Кескіннің айқындығын реттейді. 50 мәніне жақындаса, кескін айқын әрі анық бола түседі.

Түс

Экранда көрсетілген түстердің мәнін төмендетеді немесе жоғарылатады. 100 мәніне жақындаса, түс тереңдей түседі.

Реңкі

Экранда көрсетілетін қызыл мен жасылдың арасында түс балансын дұрыстайды. Қызыл 50 мәніне жақындаса, қызыл түс көбейе түседі. Жасыл 50 мәніне жақындаса, жасыл түс көбейе түседі.

Түс температурасы

Түс температурасын суықтан жылыға дұрыстайды.

- Көрсетілген параметрлер тек ағымда таңдалған кіріс режиміне қолданылады. Барлық кіріс режимдерге ағымдағы сурет параметрлерін қолдану үшін **Барлық кірістерді қолдану** опциясын таңдаңыз.
- Кіріс сигналға немесе таңдалған сурет режиміне байланысты, қол жетімді опциялар әр түрлі болуы мүмкін.
- Өзгермелі элементтер үлгіге байланысты өзгеше болады.

Сурет режимін қалпына келтіру

→ → **Сурет** → **Сурет режимінің параметрлері** → **Қалпына келтіру**

Бұл опция сурет параметрлерінде қалпына келеді.

- Сурет режимдерін бөлек қалпына келтіруге болады. Қалпына келтіргіңіз келген сурет режимін таңдап, оны қосыңыз.

Қосымша басқару параметрлерін орнату

→ → **Сурет** → **Сурет режимінің параметрлері** → **Қосымша басқару құралдары** / **Сарапшы басқару құралдары**

Динамикалық контраст

Суреттің жарықтығына байланысты оңтайлы нәтижелер алу үшін экранның ашық және қара жақтарының арасындағы айырмашылықты түзетеді.

Динамикалық дыбысты салыстыру

HDR мазмұнының кескін жарықтығына негізделген контраст параметрлерін реттеңіз.

Динамикалық түс

Кескінді түрлі түсті және шынайы ете түсу үшін суреттің түсі мен қанықтығын реттейді.

Қажетті түс

Терінің, шөптің және аспанның түстерін қалауыңызға қарай реттейді.

Түс шекарасы

Көрсетілетін түстер ауқымын таңдайды. Сигналға сәйкес түстер гаммасын **Авто**

параметріне орнатыңыз немесе **Кеңейтілген** және **Толық** реті бойынша басқа да жарқын әрі бай түстерді көрсетіңіз.

Супер ажыратымдылық

Бұлыңғыр және бұрмаланған кескіндерді анық ету үшін ажыратымдылықты реттейді.

Гамма

Суреттің орташа ашықтығын дұрыстайды.

Ақ түс балансы

Экранның түстерін жылы немесе суық етіп реттейді.

Түсті басқару жүйесі

Бұл сарапшылар сынақ үлгісін қолдану арқылы оны басқару кезінде пайдаланылады. Алты түстің аумағын таңдау арқылы оны басқаруға болады (**Қызыл** / **Жасыл** / **Көк** / **Көгілдір** / **Қызыл күрен** / **Сары**).
Қалыпты кескіндер үшін реттеулер байқалатын түс өзгерулеріне әкелмеуі мүмкін.

Жоғарғы жарықтық

Ең жарқын жарықтығы үшін жоғарғы жарықтықты реттеңіз.

- Кіріс сигналға немесе таңдалған сурет режиміне байланысты, қол жетімді опциялар әр түрлі болуы мүмкін.
- Өзгермелі элементтер үлгіге байланысты өзгеше болады.

Сурет опцияларын орнату

→ → **Сурет** → **Сурет режимінің параметрлері** → **Сурет опциялары**

Шуды азайту

Кескінді тазалау үшін қалған кішкентай нүктелерді кетіреді.

MPEG шуын төмендету

Сандық бейне сигналдарды жасағанда пайда болған шуылды азайтады.

Біртекті градация

Бұл суреттің бұрмалануын азайтп тегіс сурет етеді.

Қара деңгей

Экранның қараңғылығын реттей отырып, экранның ашықтығы мен контрастының орнын толтырады.

Нақты фильм

Кинотеатрдағыдай әсер береді.

Motion Eye Care

Көзге түсетін ауырлықты азайту үшін кескін деректеріне қарай автоматты түрде жарықтықты реттеп, кескіннің бұлдырлығын азайтады.

- Бұл параметр **Өшірулі** мәніне орнатылғанда энергияны тұтыну артуы мүмкін.

LED экранының жергілікті көмескісі

Экранның ашық жағын ағартып, ал қара жағын қарайтып, контраст өлшемдерін арттырады.

- **Өшірулі** : LED экранының жергілікті көмескісін өшіреді.
- **Төмен** / **Орташа** / **Жоғары** : контраст арақатынасын өзгертеді.

- Бұл параметр **Өшірулі** мәніне орнатылғанда энергияны тұтыну артуы мүмкін.

TruMotion

Жылдам қозғалатын кескіндердің сапасын реттейді.

- **Өшірулі** : **TruMotion** функциясын өшіреді.
- **Тегіс** : жылдам қозғалатын кескіндерді тегістейді.
- **Анық** : жылдам қозғалатын кескіндерді айқындайды.
- **Пайдаланушы** : **TruMotion** мәнін қолмен қояды.
  - **De-Judder** : экранның дірілін дұрыстайды.
  - **De-Blur** : қозғалыстың бұлыңғырлық әсерлерін азайтады.
  - **OLED Motion** / **Motion Pro** : Жарықты басқару элементінің көмегімен жылдам қозғалатын кескіндерді айқындайды.

- Қосымша параметрлерді **Пайдаланушы** режимінде ғана өзгертуге болады.

AI жарықтығы

Экранның жарықтығын ТД айналасындағы жарықтыққа сай автоматты түрде түзетеді.

- Кіріс сигналға немесе таңдалған сурет режиміне байланысты, қол жетімді опциялар әр түрлі болуы мүмкін.
- Өзгермелі элементтер үлгіге байланысты өзгеше болады.

Экран өлшемін орнату

→ → **Сурет** → **Арақатынас параметрлері** → **Арасалмақ еселігі**

16:9

16:9 арасалмақ еселігін көрсетеді.

Бастапқы

Кіріс бейне сигналына байланысты пішім арақатынасын 4:3 немесе 16:9 мәніне өзгертеді.

Толық кеңейту

Мазмұнды толық экранмен көруге болады.
Сигнал түріне қарай сурет бұрмалануы мүмкін екенін ескеріңіз.

4:3

4:3 арасалмақ еселігін көрсетеді.

Тік үлкейту

Экранның тік өлшемін реттеп, **Үлкейту ауқымын реттеу** және **Экран орнын реттеу** пайдаланумен экранды тігінен туралауға болады.

Барлық бағытта үлкейту

Экранның көлденең / тік / диагональ өлшемдерін реттеп, **Үлкейту ауқымын реттеу** және **Экран орнын реттеу** пайдаланумен экранды тігінен / көлденеңінен туралауға болады.

- Өзгермелі элементтер үлгіге байланысты өзгеше болады.
- Ұзақ уақыт бойына мазмұнға сыртқы құрылғыдан қарау, бағдарлама аты сияқты сәйкестендірілген мәтінге қарау немесе 4:3 арасалмақ еселігін қолдану нәтижесінде кескіннің жабысып қалуы мүмкін.

- Кіріс сигналына байланысты қол жетімді экран өлшемдері әр түрлі болуы мүмкін.

Тек іздеу мүмкіндігімен экранды қарау

→ → Сурет → Арақатынас параметрлері → Тек іздеу

Егер де осы функцияны **қосу** күйіне орнатсаңыз, мазмұнды тарату сигналындағы немесе мазмұн көзіндегі кадр пішімінде көруге болады. Экранның шеті таза болмаса, оны **Өшірулі** күйіне орнатыңыз.
Авто күйіне орнатылған болса, функция бейне сигналында қамтылған ақпаратқа байланысты **қосу** немесе **Өшірулі** күйінің арасында ауысады.

- Таңдауға болатын элементтер ағымдағы енгізілімге байланысты өзгешеленуі мүмкін.

Энергияны сақтау мүмкіндігін пайдалану

→ → Сурет → Қуатты үнемдеу

Экранның ең жоғары жарықтығын реттеу арқылы қуаттың тұтынылуын азайтады.

Авто

Экранды қайта қосу үшін қашықтан басқару құралында қуат түймешігінен басқа кез келген түймешікті басыңыз.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

Өшірулі

Энергияны сақтау мүмкіндігін өшіреді.

Минимум / Орташа / Максимум

Алдын ала орнатылған энергияны сақтау режимін қолданады.

Экранды өшіру

Экран өшеді және тек дыбыс ойнатылады.
Экранды қайтадан қосу үшін қуат және дыбыс деңгейі түймелерінен басқа кез келген түймені басыңыз.

- Егер **Қуатты үнемдеу** функциясын пайдаланатын болсаңыз, теледидардың жарықтық деңгейі өзгереді.

Суретті тексеруді пайдалану

→ → **Сурет** → **Суретті тексеру**

Ең алдымен, бейне сигналы шығысының қалыптылығын көру үшін суретті тексеруді бастаңыз, сосын қатенің бар-жоқтығын таңдаңыз.
Суретті тексеруде қиындықтар болмаса, қосылған сыртқы құрылғыны немесе хабар тарату сигналын тексеріңіз.

Көзге ыңғайлы режим мүмкіндігін пайдалану үшін

→ → **Сурет** → **Қосымша параметрлер** → **Көзге ыңғайлы режим**

Түс температурасы көздің шаршауын азайту үшін реттеледі.

қосу

Теледидар экранының түс температурасы реттелді.

Өшірулі

Көзге ыңғайлы режим мүмкіндігін өшіреді.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

HDMI ULTRA HD Deep Colour

→ → **Сурет** → **Қосымша параметрлер** → **HDMI ULTRA HD Deep Colour**

Егер құрылғы Кіріс портына қосылған болса, ол HDMI ULTRA HD айқын түс параметріне де қолдау көрсетеді, бұдан суретіңіз анығырақ болады.
Дегенмен, егер құрылғы бұған қолдау көрсетпесе, ол дұрыс істемеуі мүмкін.
Бұл жағдайда, теледидардың HDMI ULTRA HD терең түс баптауын **Өшірулі** күйіне ауыстырыңыз.

Қолданылатын дисплей ажыратымдылығы

- қосу : 4K@60 Гц (4:4:4, 4:2:2 және 4:2:0) қолдайды
- Өшірулі : 4K@60 Гц (4:2:0) қолдайды

4K @ 50/60 Гц қолдау пішімі

Ажыратымдылық	Кадр жиілігі (Гц)	Түс қанықтығы / Қанықтылық үлгісі		
		8 биттік	10 биттік	12 биттік

3840 × 2160p 4069 × 2160p	50 59,94 60	YCbCr 4:2:0	YCbCr 4:2:0 [1)]	YCbCr 4:2:0 [1)]
		-	-	YCbCr 4:2:2 [1)]
		YCbCr 4:4:4 [1)]	-	-
		RGB 4:4:4 [1)]	-	-

1) **HDMI ULTRA HD Deep Colour** Қосулы қалпына қойылғанда қолданылады **қосу**.

- Сіз тек ағымдағы уақытта қарайтын **HDMI IN** кірісінің параметрлерін өзгерте аласыз.
- Әрбір HDMI порты үшін өзгеше параметрді белгілей аласыз.

Ойынға жедел жауап мүмкіндігін пайдалану

⚙ → ⋮ → **Сурет** → **Қосымша параметрлер** → **Ойынға жедел жауап**

Ойынға арналған оңтайлы бейне арқылы ойындарды пайдалану үшін құрылғыға қосылған HDMI портын **қосу** етіп орнатыңыз.
Дегенмен, егер құрылғы бұған қолдау көрсетпесе, ол дұрыс істемеуі мүмкін.

- **Ойынға жедел жауап** қызметін қосу мақсатында ойын құрылғысына қосылған HDMI терминалы үшін **HDMI ULTRA HD Deep Colour** функциясын **қосу** күйіне орнатыңыз.
- Ол тек ⚙ → ⋮ → **Дыбыс** → **Дыбыс шығысы** кезде **Ішкі ТД үндеткіші** / **ТД үндеткіші** / **Дыбыс шығысы (Желі шығысы)** / **Сымды құлаққаптар** / **Ішкі ТД үндеткіш + Сымды құлаққаптар** болғанда жұмыс істейді. (Өзгермелі элементтер үлгіге байланысты өзгеше болады.)
- Жедел ойын жауап беру орнатылғанда, бейне уақытша жыпылықтауы мүмкін.
- Егер осы **қосу** функцияны қоссаңыз, кейбір бейне параметрлерінің элементтерін өзгерту мүмкін болмайды.

Дыбыс

Бейімделгіш дыбысты басқару қосу

⚙ → ⋮ → **Дыбыс** → **Бейімделгіш дыбысты басқару**

Мазмұн түріне негізделген дыбысты автоматты түрде оңтайландыру. Бұл параметрлер тек ішкі ТД үндеткіші үшін қол жетімді.
Тізімде бұл режимді қосу үшін **қосу** түймесін басыңыз.

- Смарт дыбыс режимі қосылып тұрса, дыбыс режимін қолмен реттей алмайсыз.

Дыбыс режимі параметрлері

→ → **Дыбыс** → **Дыбыс режимі параметрлері**

Дыбыс режимі

Әрбір жанр үшін үйлесімді дыбыс режимін таңдауға болады.

- **Стандартты** : Барлық мазмұнның дыбысын оңтайландырады.
- **Кинотеатр** : Фильмдер дыбысын оңтайландырады.
- **Таза дауыс III** : Дауыс анықтығын күшейтеді.
- **Спорт** / **Футбол** / **Cricket** : Спорт ойындары үшін дыбысты оңтайландырады.
- **Музыка** : Музыка дыбысын оңтайландырады.
- **Ойын** : Ойын ойнау дыбысын оңтайландырады.

Баланс

Сол және оң жақ динамиктердің дыбыс деңгейін реттеуге болады.

DTS Virtual:X / Virtual Surround Plus / Virtual Stadium Surround Plus / ULTRA Surround / ULTRA Stadium Surround / OLED Surround

Виртуалды көп арналы, көлемді дыбыс әсері бар иммерсиялық дыбысты тыңдау.

- Бұл опцияны **Дыбыс режимі Стандартты** күйіне орнатылған жағдайда қосуға болады.
- **Dolby Atmos** қолдайтын модельдерге **Dolby Atmos** жүйесін **Өшірулі** режиміне қойыңыз.

Dolby Surround

Dolby Surround мәзірін **қосу** күйіне қойсаңыз, жалпы мазмұн (Dolby Atmos мазмұны емес) Dolby Surround әсерлерін қосуы мүмкін. (Dolby Atmos дыбысына ұқсас)
Үш өлшемді қоршаған дыбысты жалпы мазмұнда (Dolby Atmos мазмұны емес) есту үшін **Dolby Surround** мүмкіндігін қосыңыз.
Dolby Surround мүмкіндігін пайдалану үшін **Dolby Atmos** дыбысын да қосу

қажеттігін ескеріңіз.

Эквалайзер

Эквалайзерді тікелей реттеу арқылы қажетті дыбысты орнатуға болады. (100Hz / 300Hz / 1kHz / 3kHz / 10kHz)

- Бұл опцияны **Дыбыс режимі Стандартты** күйіне орнатылған жағдайда қосуға болады.

Қалпына келтіру

Дыбыс әсері параметрлерін бастапқы қалпына келтіруге болады.

- Бұл опцияны **Дыбыс режимі Стандартты** күйіне орнатылған жағдайда қосуға болады.

- Өзгермелі элементтер үлгіге байланысты өзгеше болады.

Дыбыс шығысы орнату

→ → **Дыбыс** → **Дыбыс шығысы**

- **Ойынға жедел жауап қосу** күйге орнатылғанда, **Дыбыс шығысы** қызметін**Bluetooth** / **WiSA үндеткіштері** / **Оптикалық** / **HDMI ARC** жүйелеріне орнатқан жағдайда аудио кідірістерінің орын алуы мүмкін.
  Ішкі ТД үндеткіші қызметіне ауыстырыңыз немесе → → **Дыбыс** → **Қосымша параметрлер** → **HDMI Кіріс аудио форматы PCM** қызметіне өзгертіңіз.

Ішкі ТД үндеткіші

Дыбыс теледидардың ішкі динамиктерінен шығады.

Оптикалық

Жоғары сапалы және аса қолайлы теледидар дыбысын тыңдау үшін **Оптикалық** мүмкіндігін қолдайтын дыбыстық құрылғыны оптикалық сандық дыбыс шығысының портына қосуыңызға болады.

- Тек оптикалық сандық порты бар үлгілер үшін қолданылады.
- Дыбысты теледидардың қашықтан басқару құралы арқылы кейбір құрылғылар үшін реттей аласыз.
- **Сандық дыбыс шығысы** (**Авто** / **Арқылы өту** / **PCM**) және LG Sound Sync (**қосу** / **Өшірулі**) функцияларын орнатуға болады.

HDMI ARC

Теледидар дыбысын **HDMI (ARC)** порты арқылы жалғанған сыртқы аудио құрылғысы арқылы тыңдауға болады.

- SIMPLINK функциясын автоматты түрде қосу үшін **HDMI ARC** опциясын таңдаңыз. SIMPLINK функциясы өшірілген соң, шығыс динамиктің параметрлері үздіксіз аудио шығысы үшін автоматты түрде қалпына келтіріледі.
- **Сандық дыбыс шығысы** (**Авто** / **Арқылы өту** / **PCM**) және **eARC** (**қосу** / **Өшірулі**) функцияларын орнатуға болады.

Сандық дыбыс шығысы

Сандық дыбыс шығысы параметрлерін реттеуге болады.

- Бұл параметрлер тек **Оптикалық** / **HDMI ARC** таңдалған кезде қолжетімді болады.
- **Арқылы өту** қосулы кезде, дыбыстық әсерлер шықпауы мүмкін.
- Құрылғымен кодек шығысы кіріс сигналдарынан өзгеше болуы мүмкін.

	Сандық кіріс	Сандық дыбыс шығысы
PCM	Бәрі	PCM
Авто / **Арқылы өту**	MPEG	PCM
	Dolby Digital	Dolby Digital
	Dolby Digital Plus / Atmos	(Optical) Dolby Digital (HDMI ARC) Dolby Digital Plus / Atmos
	Dolby TrueHD (Тек HDMI)	(Optical) Dolby Digital (HDMI ARC) Dolby Digital Plus / Atmos (HDMI ARC eARC қосу) TrueHD[1)]
	HE-AAC	Dolby Digital
	DTS	DTS
	DTS Express	DTS

DTS-HD MA	(Optical / HDMI ARC) DTS (HDMI ARC eARC қосу) DTS-HD[1] / DTS

1) Тек **Сандық дыбыс шығысы Арқылы өту** күйіне орнатылғанда және кіріс HDMI терминалына орнатылғанда ғана қолдау көрсетіледі.

- Dolby TrueHD , eARC : Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

Bluetooth

Теледидар дыбысын сапалы және жақсы күйде тыңдай алу үшін Bluetooth аудио құрылғысын немесе Bluetooth гарнитурасын сымсыз түрде қосыңыз.

- Егер дыбыс жолағы LG Sound Sync мүмкіндігіне қолдау көрсететін құрылғыға қосылса, бұл мүмкіндік автоматты түрде құрылғыға қосылады.
- LG Sound Sync құрылғылары теледидарды қосқан кезіңізде соңғы пайдаланылған құрылғыларға автоматты түрде қосылуға әрекет жасайды.
- LG Sound Sync мүмкіндігіне қолдау көрсететін LG аудио құрылғысын LG TV немесе LG Sound Sync режимімен қосу ұсынылады.
- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.
- Қосылған құрылғыларды немесе қосылуға болатын құрылғыларды олардың кез келген біреуіне қосылу мақсатында қарау үшін **Құрылғыны таңдау** түймесін басыңыз.
- Теледидардың қашықтан басқару құралын пайдаланып, кейбір Bluetooth құрылғыларының дыбыс деңгейін реттеуге болады.
- Егер құрылғы қосылмаса, қосылатын құрылғының қуатын тексеріңіз және дыбыстық құрылғының дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз.
- Bluetooth құрылғысының түріне байланысты құрылғы дұрыс қосылмауы немесе синхрондалмаған бейне және дыбыс сияқты келеңсіз әрекет орын алуы мүмкін.
- Келесі жағдайларда дыбыс кідіруі немесе дыбыс сапасы төмендеуі мүмкін:
  - Bluetooth құрылғысы теледидардан тым алыс;
  - Bluetooth құрылғысы мен теледидар арасында кедергілер бар немесе
  - қысқа толқынды пеш немесе сымсыз жергілікті желі сияқты радио жабдығымен бірге пайдаланылған.
- Егер **Сурет режимі Ойын** режиміне, ал **Дыбыс шығысы Bluetooth** режиміне орнатылса, **Сурет режимі Стандартты** режиміне ауысады.

WiSA үндеткіштері

Жоғарғы сапалы дыбысты тыңдау үшін ТД-ды **WiSA үндеткіштері** кабельсіз қоса аласыз.
WiSA үндеткіштері үшін толық параметрлерді реттеу үшін **ҚҰРЫЛҒЫЛАР ТІЗІМІ** таңдаңыз.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.
- WiSA үндеткіштерін пайдалану үшін, арнайы құралды қосу қажет.
- WiSA Dongle және WiSA Speaker арасындағы қосылым мәселелері сымсыз кедергілері бар орталарда орын алуы мүмкін. Осы жағдайда, үндеткіштердің өндірушісіне хабарласыңыз.
- WiSA авторизацияланған өнімдерін сатып алу туралы қосымша ақпарат алу үшін www.wisaassociation.org сайтын қарап шығыңыз.

Дыбыс шығысы (Желі шығысы) / Сымды құлаққаптар

Қосылған құрылғыға сәйкес дыбыс шығаруды оңтайландыру үшін **Сымды құлаққаптар** не **Дыбыс шығысы (Желі шығысы)** опциясын таңдаңыз.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.
- Теледидар қосылып тұрғанда сымды құлақаспапты қоссаңыз, ол сымды құлақаспапты автоматты түрде анықтайды және олардан дыбыс шығарады.

Теледидардың ішкі динамиктері мен сыртқы аудио құрылғы арқылы бір уақытта дыбыс шығару

Дыбысты бірнеше құрылғыдан бір уақытта шығаруға болады.

Ішкі ТД үндеткіш + Оптикалық

Дыбыс теледидардың ішкі динамиктері және сандық оптикалық дыбыс шығару портына қосылған аудио құрылғы арқылы бір уақытта шығады.

Ішкі ТД үндеткіш + Сымды құлаққаптар

Дыбыс теледидардың ішкі динамиктері мен **Сымды құлаққаптар** арқылы бір уақытта шығады.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.
- Теледидар қосылып тұрғанда сымды құлақаспапты қоссаңыз, ол сымды құлақаспапты автоматты түрде анықтайды және олардан дыбыс шығарады.

Дыбысты тексеру

→ → **Дыбыс** → **Дыбысты тексеру**

Дыбыс сигналы шығысының қалыптылығын тексеру үшін дыбысты тексеруді бастаңыз, сосын қатенің бар-жоқтығын таңдаңыз.
Тексеруде қиындықтар болмаса, қосылған сыртқы құрылғыны немесе хабар тарату сигналын тексеріңіз.

- Дыбысты тексеру функциясын тек ішкі теледидар динамигі арқылы орындауға болады.

Дыбыс деңгейінің режимін орнату

→ → **Дыбыс** → **Қосымша параметрлер** → **Дыбыс деңгейінің режимі**

Авто дыбыс қаттылығы

қосу күйіне орнатыңыз. Бұл әр хабар таратушы компания үшін дыбыс деңгейін автоматты түрде реттеп, сізге арналарды ауыстырған кезде де арна дыбысын қалаулы деңгейде тыңдауға мүмкіндік береді.

Дыбыстты арттыру көлемі

Дыбыс деңгейінің ауқымын реттеу үшін **Төмен** / **Орташа** / **Жоғары** опциясын таңдаңыз. Жоғары мәндер деңгейді арттырады.

DTV дыбыс параметрі

→ → **Дыбыс** → **Қосымша параметрлер** → **DTV дыбыс параметрі**

Кіріс сигналында бірнеше дыбыс түрлері болғанда, бұл функция керекті дыбыс түрін таңдауға мүмкіндік береді.

Авто параметріне орнатылса, іздеу реті HE-AAC → Dolby Digital Plus → Dolby Digital → MPEG болады және шығыс сигналы бірінші табылған дыбыс пішімінде шығарылады.

- Келесі іздеу реті елге байланысты әр түрлі болуы мүмкін : HE-AAC → Dolby Digital Plus → Dolby Digital → MPEG.
- Таңдалған дыбыс пішіміне қолдау болмаса, шығыс сигналы үшін басқа дыбыс пішімі пайдаланылуы мүмкін.
- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

Аудио-бейне (AV) синхрондауын реттеу

→ → **Дыбыс** → **Қосымша параметрлер** → **AV Sync Реттеу**

Жұмыс істеп тұрған динамиктің дыбысын синхрондауды реттейді.
(+) белгісіне неғұрлым жақын болса, аудио шығысы соғұрлым баяу болады.

Егер **Bypass** таңдалса, хабар тарату сигналдарын немесе сыртқы құрылғылардан дыбыс кідіріссіз шығарады. Теледидардың бейне кіріс сигналын өңдеуге кететін уақыты салдарынан, дыбыс бейнеден бұрын шығуы мүмкін.

HDMI Кіріс аудио форматы

→ → **Дыбыс** → **Қосымша параметрлер** → **HDMI Кіріс аудио форматы**

Аудио форматты әр HDMI кіріске орнатуға болады. Егер HDMI порты арқылы жеткізілген дауыс синхрондалмаса, оны **PCM** орнатыңыз.

Арналар

Бағдарламаны автоматты түрде орнату

→ → **Арналар** → **Арналарды реттеу** (**Арналарды реттеу және параметрлері**) → **Автоматты баптау**

Бағдарламаларды автоматты түрде реттейді.

01 Теледидар пайдаланылатын елді таңдаңыз. Бағдарлама параметрлері таңдалған елге байланысты өзгереді.

02 **Автоматты баптау** мүмкіндігін іске қосыңыз.

03 Қажетті кіріс көзін таңдаңыз.

04 Экрандағы нұсқауларды орындау арқылы автоматты түрде баптау мүмкіндігін орнатыңыз.

- Кіріс көзі дұрыс қосылмаған болса, бағдарламаны тіркеу жұмыс істемеуі мүмкін.
- **Автоматты баптау** мүмкіндігі тек ағымдағы таратылып жатқан бағдарламаларды табады.
- **Қауіпсіздік** қосылып тұрса, құпия сөзді сұрайтын қалқымалы терезе пайда болады.

Кабель параметрін орнату

FULL параметрін пайдаланып бағдарламаларды іздегенде ұзақ уақыт кетуі мүмкін.
Төмендегі мәндер барлық қолжетімді бағдарламаларды жылдам әрі нақты табу

үшін қажет. Жиі пайдаланылатын мәндер «әдепкі» түрде орнатылған. Өзгермелі элементтер **Түрі** байланысты өзгеше болады.

Жиілік (kHz)

Пайдаланушы анықтаған жиілікті енгізіңіз.

Символ қарқыны (kS/s)

Модем сияқты құрылғының бағдарламаға таңбаларды жіберу жылдамдығы.

Модуляция

Дыбыс немесе бейне сигналдарын байланыс қызметіне жүктеу.

ID желісі

Әрбір пайдаланушыға тағайындалған бірегей идентификатор.

Жиілікті (кГц) бастау

Пайдаланушы анықтаған бастау жиілік ауқымын енгізіңіз.

Жиілікті (кГц) аяқтау

Пайдаланушы анықтаған аяқтау жиілік диапазонын енгізіңіз.

Жерсерік параметрін орнату

Қажетті жерсерікті қосуға / жоюға / орнатуға болады.

- Бағдарлама режимі Жерсерік опциясына орнатылса

Жерсерік

Қажетті жерсерікті таңдаңыз.

LNB жиілігі

9750/10600, 9750/10750, 9750, 10600, 10750, 11300, 5150, MDU1, MDU2, MDU3, MDU4, MDU5 ішінен бір мән таңдаңыз. Егер 9750/10600, 9750/10750 (МГц) таңдалса, **22 кГц дыбыс** ажыратылады. Тізімде LNB жиілігінің мәнін таба алмасаңыз, «Пайдаланушы» параметрін таңдап, жиілікті қолмен енгізіңіз.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

Transponder

Реттеу қажет түрлендіргішті таңдаңыз.

22 кГц дыбыс

22kHz Tone қосқышын пайдаланғанда, 22 kHz немесе 0 Hz тармағын таңдаңыз. Егер **22 кГц дыбыс** қосқышын пайдалансаңыз, Unicable және «Мотор түрі» ажыратылады.

LNB қуаты

LNB үшін қуат қамтуды қосу үшін **қосу** параметрін таңдаңыз. Егер **Өшірулі** мәнін таңдасаңыз, **Мотор түрі** ажыратылады.

DiSEqC

DiSEqC пайдаланылғанда, A-D / ToneA-B ішінен бір параметрді таңдаңыз. Егер **DiSEqC** мүмкіндігін пайдалансаңыз, Unicable және «Мотор түрі» ажыратылады.

Unicable

Unicable түрін пайдалану үшін «Қосу» параметрін таңдаңыз және Unicable түрін **Unicable параметрлері** мәзірінен орнатыңыз. Unicable қосылғанда, **22 кГц дыбыс**, **DiSEqC**, **Мотор түрі** ажыратылады.

Мотор түрі

Моторды пайдалану үшін Мотор түрі тармағын таңдаңыз және моторды Motor Setting мәзірінде орнатыңыз. Мотор түрі қосылғанда, **22 кГц дыбыс**, **DiSEqC**, **Unicable** ажыратылады.

- Егер жерсерікті басқаларға орнатсаңыз, «Transponder өңдеу» арқылы түрлендіргішті қосуыңыз керек.
- 22kHz Tone және DiSEqC таңдалғанда, оларды экранда көрсетілгендей бір позицияда қосуыңыз керек.
- Жерсерікті жойсаңыз, жерсерікте сақталған барлық бағдарламалар жойылады.

Мотор параметрін орнату

DiSEqC 1.2 : жерсерік тарелкасының орнын өзгерту үшін моторды басқарыңыз.

Дискенгізгі бағыты

Мотордың қозғалу бағытын таңдаңыз.

Дискенгізгі күйі

Екі режим бар: Қадам және Үздіксіз.

- Қадам : қозғалыс сіз енгізген мәнге сәйкес қозғалады (1 - 128).
- **Үздіксіз** : тоқтау түймесін басқанға дейін мотор үздіксіз жүріп тұрады.

Transponder тестілеу

Баптағыңыз келген «Transponder тестілеу» опциясын таңдаңыз.

Шегін орнату

Қозғалыс орнатылған бағыттарда ғана жүруі үшін оның қозғалысын батысқа немесе шығысқа орнатыңыз.

- қосу : Батыс / Шығыс параметрін таңдау арқылы қозғалысты ағымдағы бағытқа шектеуге болады.
- Өшірулі : орнатқан шектеулерді жоюға болады.

0 деңгейіне өту

Моторды «Нөл» мәніне жылжытуыңызға болады.

USALS : ағымдағы орныңызды (бойлық / ендік) орнатыңыз.

Қолмен баптау мүмкіндігін пайдалану үшін

→ → **Арналар** → **Арналарды реттеу** (**Арналарды реттеу және параметрлері**) → **Қолмен баптау**

Бағдарламаларды қолмен реттеп, нәтижелерді сақтайды.
Сандық тарату үшін сигнал күші мен сигнал сапасы тексерілуі мүмкін.

Түрлендіргішті өзгерту

→ → **Арналар** → **Арналарды реттеу және параметрлері** → **Transponder өңдеу**

Түрлендіргішті қосуға / өзгертуге / жоюға болады.

- Бағдарлама режимі Жерсерік опциясына орнатылса
- Жүйе операторы «пайдаланушы транспондерін жөндеу» функциясын қамтамасыз етсе, ол экранда көрсетеді.

Қажетті **Transponder** үй транспондері етіп түймесін басу арқылы орната аласыз. (Бұл мүмкіндік тек кейбір қызмет провайдерінде бар.)

Аймақтық бағдарлама

→ → **Арналар** → **Арналарды реттеу** (**Арналарды реттеу және параметрлері**) → **Аймақтық бағдарлама**

Аймақтық бағдарламаны орнатып, оны белгілі уақытта қараңыз.

- Тек Австрия
- Бағдарлама режимі Жерсерік опциясына орнатылса
- қызмет операторын **Жерсерік** орнату үшін, **AKTIV** таңдалуы тиіс.
- **Аймақтық бағдарлама** функциясын қосу үшін, Қызмет операторын **AKTIV** мәніне қойыңыз.
- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

Арна тізімін жаңарту

→ → **Арналар** → **Арналарды реттеу және параметрлері** → **Арна тізімін жаңарту**

Бағдарлама режимі Кабель опциясына орнатылса

Ол өзгертілген арналар тізімінің ақпаратын елдің тарату жағдайлары негізінде жаңартады.
Жаңартулардан кейін, бағдарламалар тізімі өзгеруі мүмкін. Мұны орындау керек болмаса, **Өшірулі** параметрін таңдаңыз.

Бағдарлама режимі Жерсерік опциясына орнатылса

Ол өзгертілген бағдарламалар тізімінің ақпаратын елдің тарату жағдайлары және жерсерік негізінде жаңартады.
Бұл бағдарламалар тізімін барлық уақытта теледидар өшіп тұрғанда жаңартады. Жаңартулардан кейін, бағдарламалар тізімі өзгеруі мүмкін. Мұны орындау керек болмаса, **Өшірулі** параметрін таңдаңыз.

Бағдарлама режимі Антенна опциясына орнатылса

Ол өзгертілген арналар тізімінің ақпаратын елдің тарату жағдайлары негізінде жаңартады.
Бұл әрекет Бағдарламалар тізімін теледидар өшіп тұрғанда жаңартады.
Жаңартулардан кейін, бағдарламалар тізімі өзгеруі мүмкін. Мұны орындау керек болмаса, **Өшірулі** параметрін таңдаңыз.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

Сигналды тестілеу мүмкіндігін пайдалану

→ → **Арналар** → **Арналарды реттеу** (**Арналарды реттеу және параметрлері**) → **Сигнал тестілеу**

MUX және қызметтер туралы және т.б. ақпаратты көрсетеді.

- Сигналды тестілеу тек Антенна немесе Кабель үшін көрсетіледі.
- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.


Арналарды өңдеу

Барлық сақталған арналардан таңдалған арналарды өңдеуге немесе таңдаулы арналарға / арналардан қосуға / жоюға болады.

Барлық арналар тізімін өңдеу

→ → **Арналар** → **Арна реттеушісі** → **Барлық арналарды өзгерту**

Барлық сақталған арналардан таңдалған арналарды құлыптауға немесе құлыптан босатуға болады немесе арналарды ауыстыру кезінде оларды өткізіп жіберетіндей етіп орнатуға болады.



❶ Сұрыптау опциясын орнатыңыз.

❷ Таңдалған арналарды құлыптаңыз немесе құлыптаулы арналарды құлыптан босатыңыз.

❸ Арналарды ауыстыру кезінде таңдалған арналарды өткізіп жіберетіндей етіп орнатыңыз немесе өткізіп жіберілетін етіп бастапқыда орнатылған арналардың өткізіп жіберу опциясын өшіріңіз.

❹ : Таңдалған арналарды жылжытыңыз.
: Таңдалған арналар санын өзгертіңіз.


❺ : Таңдалған арналар санын өзгертіңіз.
: Таңдалған арналарды жойыңыз.

- Қолжетімді мүмкіндіктер таратылым сигналына байланысты әр түрлі болуы мүмкін.
- Жерсерік бағдарламаларына қолдау көрсететін үлгіде, жерсерік арналарын **Жерсерік бағдарламаларын өңдеу (Кеңейтілген)** опциясында басқаруға болады.

Таңдаулы арналар тізімін өңдеу

→ → **Арналар** → **Арна реттеушісі** → **Таңдаулыларды өңдеу**

Таңдаулы арналарға / арналардан қажетті арналарды қосуға / жоюға, олардың орындарын, т.б. өзгертуге болады.



❶ Барлық арналар тізімінен қажетті арналарды таңдап, таңдаулы арналар тізіміне қосу үшін түймені басыңыз.

❷ Таңдаулы арналар тізімінен таңдалған арналарды жойыңыз.

❸ Таңдаулы арналар тізімінде бір немесе бірнеше арнаны таңдап, түймесін басыңыз және оны жылжытатын орынды таңдаңыз. Таңдалған арналар сіз таңдаған орынға жылжиды.

❹ Таңдаулы арналар тізімінің атауын өзгертіңіз.

Бірнеше берілім

→ → **Арналар** → **Көп арна**

Түрлі бұрыштан түсірілетін телебағдарлама арқылы теледидарда қалаған бұрышты қарай аласыз.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

HbbTV деген не?

HbbTV (Гибридті хабар тарату жолағындағы теледидар) — хабар таратушы телеарнадан берілетін супер телемәтін қызметтерінің кең жолақ арқылы қосылған смарт теледидарға берілетін онлайндық қызметтермен бірігуіне немесе байланысуына мүмкіндік беретін жаңа хабар тарату стандарты.
Толығырақ қарау үшін, **Телеарналарды пайдалану** → **HbbTV** (**Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі) қараңыз.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

Data Service дегеніміз не?

Егер MHEG (Сандық телемәтін) және Телемәтін параметрлерінің екеуі де бір уақытта бар болса, бұл функция пайдаланушыларға біреуін таңдауға мүмкіндік береді.
Егер екеуінің біреуі ғана болса, таңдаған опцияңызға қарамастан, MHEG немесе Телемәтін іске қосылады.
Толығырақ қарау үшін, **Телеарналарды пайдалану** → **Деректер қызметі** (**Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі) қараңыз.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

CI ақпараты деген не

Бұл функция кейбір шифрланған қызметтерді көруге мүмкіндік береді (ақылы қызметтер).
Толығырақ қарау үшін, **Телеарналарды пайдалану** → **CI ақпараты** (**Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі) қараңыз.

CI құпиясөзін сақтау

⚙ → ⋮ → **Арналар** → **CI құпиясөзін сақтау**

PIN кодын **CI құпиясөзін сақтау** жолына енгізіңіз. Сақтағаннан кейін PIN кодын енгізудің қажеті жоқ.

- PIN кодын қолдайтын CI CAM (Conditional Access Module) енгізілгенде, **CI құпиясөзін сақтау** опциясын көре аласыз.
- Егер CI CAM опциясында PIN коды бар болса, **CI құпиясөзін жою** опциясын көре

аласыз.

Бағдарламаларды көшіру

→ → **Арналар** → **Арналарды көшіру**

Телебағдарламалар тізімін қосылған USB құрылғысына экспорттаңыз немесе телебағдарламалар тізімін қосылған USB құрлығысынан импорттаңыз.

- Жерсерікті үлгілер үшін

Интернет каналдарды көру

Сіз осы қызмет арқылы Интернетте нақты уақыттағы көрсетілімдерді көре аласыз. **LG Channels** қызметінде Интернет арналары туралы ақпаратты көруге немесе сіз ұнататын арналарды басқаруға болады.

Толығырақ қарау үшін, **Телеарналарды пайдалану** → **Интернет арналарын (LG Channels) қарау** (**Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі) қараңыз.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

Қосылу

Теледидар атауын қою

→ → **Қосылу** → **Теледидар атауы**

Желіде пайдаланылатын смарт теледидардың атауын қою үшін экрандағы пернетақтаны пайдалануға болады.

- Егер ағылшын әліпбиі болса, 25 таңбаға дейін енгізуге болады.

Сымды желіні орнату

→ → **Қосылу** → **Сымды қосылым (Ethernet)**

Кабельдік байланыс орнатылғанда, ТД автоматты түрде желіге қосылады. Желі байланысының параметрлерін өзгерту үшін, **Өңдеу** опциясын таңдаңыз.

- IPv6 орнату **Өңдеу** қолдау көрсетпейді.

Сымсыз желіні орнату

→ → **Қосылу** → **Wi-Fi байланысы**

Теледидарға сымсыз желі орнатсаңыз, қол жетімді сымсыз Интернет желілерін тексеріп, оларға қосылуға болады.

Жасырын сымсыз желіні қосыңыз

Желінің мәліметтерін тікелей енгізсеңіз, сымсыз желіні қосуға болады.

WPS PBC арқылы қосылу

PBC қолдайтын сымсыз кіру нүктесінің түймесін басқанда оңай қосылады.

WPS PIN арқылы қосылу

Қосылу керек сымсыз кіру нүктесінің PIN кодын кіру нүктесінің веб-сайтында енгізгенде оңай қосылады.

Қосымша Wi-Fi параметрлері

Желінің мәліметтерін тікелей кіргізсеңіз, сымсыз желіні енгізуге болады.

- IPv6 орнату **Өңдеу** қолдау көрсетпейді.

Құрылғы коннекторы мүмкіндігін пайдалану

→ → **Қосылу** → **Құрылғы коннекторы**

Бұл функция ТД мен сыртқы құрылғылар арасындағы байланысты оңай орнатуға мүмкіндік береді.
Құрылғы коннекторы нұсқауларын орындаңыз.

Mobile TV қосулы функциясын қолдану

→ → **Қосылу** → **Mobile TV қосулы**

Егер **Wi-Fi арқылы қосу** немесе **Bluetooth арқылы қосу** мүмкіндігі **қосу** күйіне орнатылған болса, сіз теледидарды **Mobile TV қосулы** мүмкіндігін қолдайтын қолданбаны пайдаланып қосуыңызға болады немесе теледидарыңыздағы қолданба экранын қараңыз.

- Теледидар желіге қосылуы тиіс.
- Қолданылатын теледидар мен құрылғы бір желіге қосылған болуы тиіс.

- Функцияға қолдау көрсететін смарт құрылғыдағы қолданбада **Wi-Fi арқылы қосу** функциясы қолданылуы қажет.
- **Bluetooth арқылы қосу** функциясына тек кейбір LG Electronics смартфондарында қолдау көрсетіледі.
- Теледидар қуат көзіне қосылуы тиіс.
- Бірінші рет қосу үшін пайдаланылатын құрылғының қосуға дайын екендігін тексеріңіз.
- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

Screen Share параметрлері

→ → **Қосылу** → **Screen Share параметрлері**

ТД-ға Screen Share арқылы қосылған құрылғылардың қосылымдарын жою үшін **Жұптастыру журналын жою** басуға болады.

HDMI құрылғысының параметрлері орындау

→ → **Қосылу** → **HDMI құрылғысының параметрлері**

ТД қашықтан басқару құралы арқылы басқарылатын құрылғыны орнату үшін HDMI кабелі арқылы теледидарға жалғанған құрылғылар туралы ақпаратты байланыстыруға болады.

Авто құрылғыны анықтау

Ол Magic Remote құралына HDMI арқылы қосылған құрылғыларды басқару мүмкіндігі үшін автоматты түрде орнатады.

SIMPLINK (HDMI-CEC)

HDMI арқылы теледидардың қашықтан басқару құралына қосылған әр түрлі мультимедиалық құрылғыларды қолайлы басқарып пайдалануға болады. Толығырақ қарау үшін, **Теледидарды пайдалану әдісі** → **SIMPLINK (HDMI-CEC)** (**Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі) қараңыз.

Қуатты автоматты синхрондау

Егер «Қуатты автоматты түрде синхрондау» параметріне **қосу** мәні қойылса, SIMPLINK арқылы байланысқан құрылғыны қосқанда, теледидар қосылады. Теледидарды өшіргенде, құрылғы да өшеді.

- Өзгермелі элементтер үлгіге байланысты өзгеше болады.

Жалпы

Тіл параметрлерін реттеу

→ → **Жалпы** → **Тілі (Language)**

Экранда көрсетілген мәзір тілін және сандық хабар таратудың аудио тілін таңдауға болады.

Мәзір тілі (Menu Language)

Экранда көрсетілетін мәзір тілінің бірін таңдауға болады. Сөйлеуді тану тілі автоматты түрде мәзір үшін таңдалған тілге орнатылады.

- Сөйлеуді тану кейбір үлгілерге ғана қолданылады.

Негізгі аудио тілі / Қосымша аудио тілі

Бірнеше аудио тілін қамтитын сандық хабар тарату бағдарламасын қарап отырғанда тілді таңдауға болады.
Бірнеше тілді қолдамайтын бағдарлама үшін әдепкісі қолданылады.

- Сандық хабар таратуға қолданылады.

Пернетақта тілдері

Экрандағы пернетақтаны пайдалану үшін тілді таңдаңыз.

Телемәтінді пайдалану

Телемәтін тілін орнатады.
Толығырақ қарау үшін, **Телеарналарды пайдалану** → **TELETEXT** (**Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі) қараңыз.

- Сандық режимде ғана

Орналасқан жерін орнату

→ → **Жалпы** → **Орны**

Smart TV теледидарының орналасқан жері параметрін өзгертуге болады.

Мекенжай параметрі

Теледидарыңыздың **Аймақ** және **Қала** мәндерін орната аласыз.

Хабар таратушы ел

Теледидарыңызда хабар тарату елін орнатуға болады.

Қызмет көрсету аймағының пошталық индексі

Бұл функция индексіңізді енгізу арқылы теледидардың хабар тарату орнын белгілеу үшін пайдаланылады.

LG қызметтер елі

Егер **Автоматты түрде орнату** параметрі қойылмаса, елді қолмен таңдауға болады.

- Желіге қосылмаған кезде елді қолмен таңдау керек.
- Өзгермелі элементтер үлгіге байланысты өзгеше болады.

Уақыт пен күнді орнату

→ → **Жалпы** → **Уақыт және күн**

Теледидар көру барысында сағатты тексереді немесе өзгертеді.

Автоматты түрде орнату

ТД уақыты радиохабар тарату станциясынан жіберілген сандық хабарлау уақытына немесе серверден жіберілген уақытқа автоматты түрде орнатылады.

Уақыт / Күні / Уақыт белдеуі

Автоматты орнату ағымдағы уақытқа сәйкес келмесе, уақыт пен күнді қолмен орнатады.

Теңшелетін уақыт белдеуі

Уақыт белдеуі ішіндегі **Реттелмелі** опциясын таңдасаңыз, **Теңшелетін уақыт белдеуі** мәзірі іске қосылады.

Автоматты сөндіру таймерін пайдалану

→ → **Жалпы** → **Таймерлер** → **Автосөндіру таймері**

Орнатылған минуттан кейін теледидарды өшіреді.
Егер **Автосөндіру таймері** пайдаланғыңыз келмесе, **Өшірулі** күйін таңдаңыз.

Теледидарды автоматты түрде қосылатын немесе өшетін етіп реттеу

→ ⋮ → **Жалпы** → **Таймерлер** → **Таймер қуаты қосулы** / **Таймер қуаты өшірулі**

Таймерді қосады / өшіреді.
Таймер қуаты қосулы / **Таймер қуаты өшірулі** пайдаланғыңыз келмесе, **Өшірулі** күйін таңдаңыз.

- **Таймер қуаты қосулы** / **Таймер қуаты өшірулі** функциясын пайдалану үшін ағымдағы уақытты дұрыс қойыңыз.

Теледидар автоматты түрде өшпеуі үшін

→ ⋮ → **Жалпы** → **Таймерлер** → **2 сағат қуатты авто өшіру**

Теледидар **Таймер қуаты қосулы** функциясымен қосылғаннан кейін 120 минут бойы ешқандай түймені баспасаңыз, теледидар автоматты түрде өшеді. Теледидар автоматты түрде өшпес үшін **2 сағат қуатты авто өшіру** опциясын **Өшірулі** күйіне орнатыңыз.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

LG тіркелгісін жасау

→ ⋮ → **Жалпы** → **Есептік жазбаларды басқару**

Есептік жазбаларды басқару қызметінде жаңа LG тіркелгісін жасау үшін электрондық пошта мекенжайын пайдалануға болады.

01 **ЕСЕПТІК ЖАЗБАНЫ ЖАСАУ** опциясын таңдаңыз. Қызмет көрсету шарттарын оқып шығып қабылдаңыз.

02 ID мен құпия сөзді енгізіңіз. Идентификаторыңыз электрондық поштаңыздың мекенжайы болуы керек.

03 Туған күніңізді енгізіңіз.

04 **ОК** опциясын таңдаңыз. Электрондық поштаңыздың мекенжайын тексеру үшін электрондық поштаңызға өтіңіз. Уақыт бітпей тұрып, электрондық поштаңызды тексеріңіз.

05 Қызметпен бастау үшін жаңа тіркелгіңізге кіріңіз.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.
- Тіркелгі жасау үшін интернетке қосылу керек.
- Қажетті ақпарат елге байланысты басқаша болуы мүмкін.

- Жасыңызға байланысты қызметті пайдалануды шектеуі мүмкін.
- Бұл функцияға қатысты мәселені шешу үшін, **Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі **Ақаулықты жою** бөлімін қараңыз.

LG тіркелгісін басқару

→ → **Жалпы** → **Есептік жазбаларды басқару**

LG тіркелгісінің ақпаратын басқаруға болады.

01 Қашықтан басқару құралындағы түймесін басыңыз.

02 Кіру үшін → **Жалпы** → **Есептік жазбаларды басқару** опциясына өтіңіз.

Жеке ақпарат

Қазір кірген тіркелгіңіздің ақпаратын көруге не өзгертуге болады.
Құпия сөзді өзгертуге болады немесе жеке ақпаратты өзгерту үшін **ӨҢДЕУ** опциясын басыңыз.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

AI қызметі реттеу

→ → **Жалпы** → **AI қызметі**

Пайдалану журналына негізделе отырып ұсынылған қызметтерді қосуға болады.

Дауысты тану

Дауысты тану қызметі

Сөйлеуді тану қызметін таңдай аласыз.

- Қолжетімді қызметтер тіл немесе ел параметрлеріне байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Дауыс тану параметрлері

Дауысты тану функциялары үшін параметрлерді қолдануға болады.

Дауысты тану анықтамасы

Дауыстық бақылау арқылы пайдалануға болатын функциялар тізімін көре аласыз.

Who.Where.What?

Өзіңіз қарап жатқан телехабарға қатысты ұсынылатын ақпаратты алуыңызға болады.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

Жеке ұсыныс (желісі)

Журанлға негізделген арналарды және мазмұнды желі арқылы қарап шығу үшін ұсыныстар аласыз.

- **қосу** : Көру журналына негізделген ұсыныстар беріледі.
- **Өшірулі** : Танымалдылығына негізделген ұсыныстар беріледі.

AI ұсыныстары

Мазмұнды қарау тарихын және қолданба пайдалану журналын ескере отырып, мазмұнды ұсыну хабарларын алуға болады.

Пайдалану деректерін қалпына келтіру

Ол мазмұнды көру журналы мен қолданбаны пайдалану журналын қалпына келтіреді. Егер оларды қалпына келтірсеңіз, мазмұнға қатысты ұсыныстар алу үшін біраз уақыт кетеді.

- Өзгермелі элементтер үлгіге байланысты өзгеше болады.

ECO режимі

→ → **Жалпы** → **Eco режимі**

Теледидарды азырақ қуат тұтынатын етіп қосуға болады.

Автоматты өшіру

Белгілі уақыт өткенде пайдаланушы ешбір пернені баспаса, теледидар автоматты түрде өшетін етіп орнатады.

HDD Eco режимі

Режим үшін **қосу** опциясы таңдалса, теледидарға қосылған USB қатты дискісі ұзақ уақыт бойы еш әрекет орындалмаған кезде қуатты үнемдеу режиміне өтеді.

- Өзгермелі элементтер үлгіге байланысты өзгеше болады.

Осы теледидар туралы

→ → **Жалпы** → **Осы теледидар туралы**

Тұтынушыларды қолдау қызметтері туралы ақпаратты тексеруге болады. (Бағдарламалық құралды жаңарту, теледидар туралы ақпарат және т.с.с.)
ТД пайдалану кезінде хабарландыруларды тексеру немесе функциялар бойынша нұсқаулықты қарау үшін **Хабарландырулар** және **Пайдаланушы нұсқаулығы** іске қоса аласыз. ТД-дың күйін тексеру үшін, **Жылдам анықтама** іске қосыңыз.

Басты бет параметрлері

→ → **Жалпы** → **Қосымша параметрлер** → **Басты бет параметрлері**

Басты бетті автоматты түрде іске қосу

Теледидар қосылған кезде Басты экранды автоматты түрде іске қосылатындай етіп орнатуыңызға болады.

Бастапқы стиль

Бастапқы стиль опциясын орнатуға болады.

Басты бет жарнамасы

Басты экраннан жарнамаларды қосуға немесе өшіруге болады.

- Өзгермелі элементтер үлгіге байланысты өзгеше болады.

Теледидар қуатының параметрлері

→ → **Жалпы** → **Қосымша параметрлер** → **Жылдам бастау +**

Бұл параметр өшіп тұрғанда теледидарды күту режиміне қояды, сонда ол келесіде қосылғанда жылдамырақ іске қосылады.
Жылдам бастау + параметріне **қосу** мәнін қойыңыз.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.
- Бұл опцияны қосу қуаттың тұтынылуын арттыруы мүмкін.

Live Plus қызметін пайдалану

Live Plus - бұл сіз қарайтын бағдарламалар туралы әртүрлі мәліметтерді ұсынатын қызмет.
Қосымша ақпаратты **Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі **Smart TV артықшылықтары** → **Live Plus** бөлімінен қараңыз.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

Жарнама

⚙ → ⋮ → **Жалпы** → **Қосымша параметрлер** → **Жарнама**

Теледидарыңыз Интернетке қосылған болса, webOS теледидарыңызда жарнама қанша рет көрсетілгенін қадағалау үшін жиілікті шектейтін куки файлын пайдалануы мүмкін.
Бұл ақпарат бір жарнаманың көрсетілу санын шектеуге көмектесу үшін пайдаланылады. Бұл куки файлын теледидарыңыздағы **Жарнама** параметріне өту арқылы кез келген уақытта босатуға, не болмаса қосуға немесе ажыратуға болады.
Бұл куки файлымен еқандай жеке басты анықтайтын ақпарат байланыстырылмайды.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

Қуат индикаторын орнату

⚙ → ⋮ → **Жалпы** → **Қосымша параметрлер** → **Күту режимінің шамы**


Күту режимінің жарығын қосуға немесе өшіруге болады.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

Параметрлер анықтамасын пайдалану

⚙ → ⋮ → **Жалпы** → **Қосымша параметрлер** → **Параметрлер анықтамасы**

Егер параметрлер мәзірлерін таңдасаңыз, параметрлер үшін кеңестерді көре аласыз. Параметрлер мәзіріндегі сипаттама терезесін қосыңыз немесе өшіріңіз.



Экран сақтағыш функциясын қолдану

→ → Жалпы → Қосымша параметрлер → Экран сақтағыш

Пайдаланушы экранда көрсетіліп тұрған ағымдағы қолданбаға бір сағат бойы ештеңе енгізбесе, оны **Экран сақтағыш** алмастырады.

- **Экран сақтағыш** мүмкіндігін **Өшірулі** күйге орната отырып, сапаны төмендетуі мүмкін бірдей дисплейді ұзақ мерзім бойы сақтайды. Сапасы төмендетілген экранды қайта қалпына келтіру мүмкін емес.

Экран сақтағышты ынталандыру

→ → Жалпы → Қосымша параметрлер → Экран сақтағышты ынталандыру

Белгілі бір қолданбалардың экран сақтағыштарында көрсетілетін жарнамаларды қосуға немесе өшіруге болады. **қосу** мәніне орнатсаңыз, экран сақтағышта көрсетілетін жарнамаларды өшіруге мүмкіндік береді.

Экранды сигнал жоқ болған жағдайда конфигурациялау

→ → Жалпы → Қосымша параметрлер → "Сигнал жоқ" суреті

Сигнал жоқ болған кезде, көрсетілетін кескінді қосуға немесе өшіруге болады.

қосу

Сигнал жоқ болған кезде, әдепкі кескін көрсетіледі.

Өшірулі

Сигнал жоқ болған кезде, **Сигнал жоқ** хабары көрсетіледі.

Теледидар режимдерін ауыстыру

→ → **Жалпы** → **Қосымша параметрлер** → **Үй/дүкен режимі**

Үй режимі және **Дүкен режимі** арасынан таңдауға болады.

Теледидарды үйде пайдалану үшін **Үй режимі** опциясын таңдаңыз.
ТД тек дүкенде көрсетілгенде **Дүкен режимі** режимін таңдаңыз. **Дүкен режимі** дүкен көрсетіліміне арналған оңтайландырылған параметрлерді ұсынады.

Әдепкі параметрлерді қалпына келтіру

→ → **Жалпы** → **Бастапқы параметрлерге қалпына келтіру**

Теледидарды бастапқы параметрлеріне қайтарады. Бұл барлық параметрлерді әдепкі мәніне қайтарады.

Қалпына келтірген соң, теледидар автоматты түрде өшіп қосылады.

- Егер **Қауіпсіздік** үшін **қосу** мәні орнатылса, **Бастапқы параметрлерге қалпына келтіру** опциясына құпия сөзді теру қажет.
- Параметрлерді орнату кезінде қуатты өшірмеңіз.
- Үшінші тарапқа сату немесе беру алдында теледидарды **Бастапқы параметрлерге қалпына келтіру** күйіне қалпына келтіруді ұсынамыз.

Қауіпсіздік

ТД бағдарламасын құлпы қосу

Бұл функция тарату станциясының ақпараты бойынша жұмыс істейді. Сондықтан, сигнал ақпараты қате болса, бұл функция жұмыс істемейді.
Деңгейлер шектеуі жиынтығына сәйкес, балалардың белгілі бір ересектерге арналған телебағдарламаларды көруінің алдын алады. Құлыпталған бағдарламаны көру үшін, құпия сөзді енгізіңіз. Деңгейлер әр елде әртүрлі болады.

01 Қашықтан басқару құралындағы түймесін басыңыз.

02 → **Қауіпсіздік** тармағын таңдаңыз.

03 **Қауіпсіздік** параметріне **қосу** мәнін қойыңыз.

04 **ТД бағдарламасын құлпы** опциясын таңдаңыз.

- Тек сандық режимі қолданылады.
- Бастапқы құпия сөз «0000» болады.
  Ел бойынша Франция немесе Норвегия таңдалса, құпия сөз «0000» емес, «1234» болып табылады.

Арналарды құрсаулау қосу

Балалар үшін мазмұны лайықсыз бағдарламаларға тыйым салады. Бағдарламаларды таңдауға болады, бірақ экран қараңғы болады және дыбыс өшіріледі. Құлыпталған бағдарламаны көру үшін, құпия сөзді енгізіңіз.

01 Қашықтан басқару құралындағы ⚙ түймесін басыңыз.

02 ⋮ → **Қауіпсіздік** тармағын таңдаңыз.

03 **Қауіпсіздік** параметріне **қосу** мәнін қойыңыз.

04 **Арналарды құрсаулау** опциясын таңдаңыз.

05 Құлыпталатын арналарды таңдаңыз.

06 🔒 опциясын таңдаңыз.

07 **ҚҰЛЫП** опциясын таңдаңыз.

- Бастапқы құпия сөз «0000» болады.
  Ел бойынша Франция немесе Норвегия таңдалса, құпия сөз «0000» емес, «1234» болып табылады.

Бағдарламаларды құрсаулау қосу

Қолданбаны құлыптауға не құлпын ашуға болады.

01 Қашықтан басқару құралындағы ⚙ түймесін басыңыз.

02 ⋮ → **Қауіпсіздік** тармағын таңдаңыз.

03 **Қауіпсіздік** параметріне **қосу** мәнін қойыңыз.

04 **Бағдарламаларды құрсаулау** опциясын таңдаңыз.

05 Құлыпталатын қолданбаларды таңдаңыз.

- Бастапқы құпия сөз «0000» болады.
  Ел бойынша Франция немесе Норвегия таңдалса, құпия сөз «0000» емес, «1234» болып табылады.
- Құлыптау функциясын қазір қосылып тұрған қолданба үшін бірден қолдану мүмкін болмайды.

Енгізулерді құрсаулау қосу

Кіріс құлыптарын қосуға немесе ашуға болады.

01 Қашықтан басқару құралындағы ⚙ түймесін басыңыз.

02 ⋮ → **Қауіпсіздік** тармағын таңдаңыз.

03 **Қауіпсіздік** параметріне **қосу** мәнін қойыңыз.

04 **Енгізулерді құрсаулау** опциясын таңдаңыз.

05 Құлыпталатын қолданбалкріс көздерін таңдаңыз.

- Бастапқы құпия сөз «0000» болады.
  Ел бойынша Франция немесе Норвегия таңдалса, құпия сөз «0000» емес, «1234» болып табылады.

Құпия сөзді қалпына келтіру

⚙ → ⋮ → **Қауіпсіздік** → **Құпия сөзді қалпына келтіру**

Теледидар құпия сөзін қойыңыз не өзгертіңіз.

- Бастапқы құпия сөз «0000» болады.
  Ел бойынша Франция немесе Норвегия таңдалса, құпия сөз «0000» емес, «1234» болып табылады.

Жоғалған құпия сөзді қалпына келтіру

Орнатылған құпия сөзді жоғалтып алсаңыз, оны келесідей қалпына келтіруге болады:

01 Қашықтан басқару құралындағы ⚙ түймесін басыңыз.

02 Фокусты ⋮ → **Қауіпсіздік** → **Құпия сөзді қалпына келтіру** жылжытыңыз.

03 Қашықтан басқару құралында **(Арналар)** ∧ → **(Арналар)** ∧ → **(Арналар)** ∨ → **(Арналар)** ∧ түймесін басыңыз. Негізгі құпия сөзді енгізу терезесі пайда болады.

04 Негізгі құпия сөзді енгізу терезесіне «0313» санын енгізіп, **Енгізу** түймесін басыңыз. Құпия сөз қалпына келтіріледі.

Арн. мүмк-р

Дыбыстық нұсқауды пайдалану

→ ⋮ → **Арн. мүмк-р** → **Аудио нұсқаулық**

Егер **Аудио нұсқаулық** опциясы **қосу** күйіне орнатылса, дыбыстық нұсқаулар әр түрлі жағдайларда, мысалы, бағдарламаларды өзгерту, дыбыс деңгейін реттеу немесе параметрлерді және кіріс сигналдарын өзгерту жағдайында ұсынылады.

Жылдамдық

Сөйлейтін нұсқаулық жылдамдығын реттеңіз.

Дыбыс деңгейі

Сөйлейтін нұсқаулық дыбыс деңгейін реттеңіз.

Тапсыру

Сөйлейтін нұсқаулық дыбысын реттеңіз.

- Бұл мүмкіндік тек кейбір тілдерде қолданылады.
- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.
- Өзгермелі элементтер үлгіге байланысты өзгеше болады.
- Көру қабілеті нашар пайдаланушыларға арналған.
- **Аудио нұсқаулық қосу** үшін орнату **TV қуат дыбысы** (тек кейбір үлгілерде қолжетімді) сондай-ақ **қосу** үшін автоматты түрде ауыстырады.

Мәзір мөлдірлігін орнату

→ ⋮ → **Арн. мүмк-р** → **Мәзір тұнықтығы**

Осы функцияны **қосу** күйіне орнату арқылы сіз кейбір мәзірлерді (мысалы, жанды мәзір, **Іздеу** және т.б.) мөлдір ете аласыз.

Жабық субтитрді орнату

→ ⋮ → **Арн. мүмк-р** → **Субтитрлер**

Телестанциялар субтитрлі бағдарламаларды бергенде субтитрлерді көресіз. **Субтитрлер** опциясын **қосу** күйіне өзгертіп, субтитр параметрін таңдаңыз.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.
- Сандық хабар таратуға қолданылады.

Көру қабілеті шектеулі адамдарға арналған мәзір

→ → **Арн. мүмк-р** → **Дыбыс сипаттамасы**

Экрандағы мазмұн визуалды зақымдалған көру құралдары дауысымен сипатталады.
Хабар тарату компаниясы көру қабілеті нашар адамдар үшін **Дыбыс сипаттамасы** функциясын қолдайтын болса, осы функцияны пайдалануға болады.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

Аудио түрі

→ → **Арн. мүмк-р** → **Аудио түрі**

Есту және көру қабілеті нашар адамдар үшін аудио нұсқасы немесе субтитрі беріледі.

Қалыпты

Әдепкі Аудионы таңдайды.

Дыбыс сипаттамасы

Көру қабілеті нашар адамдар үшін қажетті әдепкі аудионы және көру қабілеті нашар адамдарға арналған аудио нұсқаны таңдайды.

Айтылған субтитр

Көру қабілеті нашар адамдар үшін, тек таңдаулы көру қабілеті нашар адамдарға арналған аудионы таңдаңыз.

Кез келген қосымша аудио

Қосымша аудионың барлығын көрсетеді.

- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

Нашар еститін

01 Қашықтан басқару құралындағы түймесін басыңыз.

02 → **Арн. мүмк-р** тармағын таңдаңыз.

03 **Субтитрлер** параметріне **қосу** мәнін қойыңыз.

04 **Есту қабілеті шектеулі** параметріне **қосу** мәнін қойыңыз.
Есту қабілеті шектеулі адамдар үшін субтитрлер ұсынылады.

- **Есту қабілеті шектеулі** қосылған кезде **қосу**, ол жалпы субтитрлер бойынша басымдыққа ие болады.
- Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.

Мәзірді жоғары контрасты экранға өзгерту

→ → **Арн. мүмк-р** → **Жоғары контраст**

Бұл функция **қосу** күйіне орнатылғанда, ол жарық және қараңғы аймақтардың контрастын айқын көрсету үшін экрандағы кейбір мәзір фонын және қаріп түстерін реттейді.

Ақаулықты жою

Жылдам анықтама арқылы тексеріңіз

Жылдам анықтама арқылы тексеріңіз

ТД ақаулығы туындаған кезде, мәселені шешу үшін көмек алуға болады.

01 Қашықтан басқару құралында түймесін басып және → **Жалпы** → **Осы теледидар туралы** → **Жылдам анықтама** таңдаңыз.

- **Жылдам анықтама** іске қосу үшін қашықтан басқару құралында **9** санның түймесін басып тұруға болады.

02 **Тд-дың күйін тексеру** / **ТД параметрлерінің өздігінен диагностикалау** орындауға болады.
Мәселелік элементті таңдап, мәселені шешу үшін көмек ала аласыз.

ТД параметрлерінің өздігінен диагностикалау

Сізге мәселені шешуге көмектесе алатын нұсқауларды табу үшін, симптомға сәйкес келетін элементті таңдаңыз.

Тд-дың күйін тексеру

Таңдалған элемент үшін теледидарыңыздың ағымдағы күйін тексерсеңіз болады.

- **Жылдам анықтама** қызметінде қатысты мазмұн болмаса, **Пайдаланушы нұсқаулығы** нұсқаулығындағы **Ақаулықты жою** жүгініңіз.
- Егер сіз әлі де мәселені шеше алмасаңыз, біздің Тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Дұрыс жұмыс істемеу

Қуат / Қашықтан басқару құралының ақаулары

Егер өнімді пайдаланып жатқан кезде мәселелердің бірі орын алса, мыналарды тексеріңіз: мәселе өнімде болмауы мүмкін.

Теледидарды қоса алмаймын.

- Теледидардың қуат жалғағышы розеткаға дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- Егер сіз мультирозетканы пайдалансаңыз, оның дұрыс жұмыс жасап тұрғанын тексеріңіз. Ұзартқыштың дұрыс жұмыс істейтінін тексеру үшін, теледидардың қуат сымын тікелей қабырға розеткасына салып, жұмысын бақылаңыз.
- Теледидар жинағындағы түйме арқылы іске қосып көріңіз.

Қосылғаннан кейін біраз уақыт экран ашылмайды.

- Себебі шуыл кетіретін процесс қосылған кезде пайда болуы мүмкін ықтимал шуылды кетіріп жатыр. Ол өнімде ақаулық бар екенін білдірмейді.

Теледидар қашықтан басқару құралы арқылы қосылмайды.

- Теледидардың қуат жалғағышы розеткаға дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- Қашықтан басқару құралындағы батареяларды ауыстырыңыз. (Сілтілі батареяларды

пайдаланыңыз.)

- Теледидардың қашықтан басқару құралы сенсорының алдында қандай да бір кедергінің жоқтығын тексеріңіз. Теледидардың төменгі қабылдағышының алдына қойылған дыбыстық панельдер немесе басқа да кедергілер ИҚ сигналын қабылдауға кедергі келтіруі мүмкін.

Экран ақаулықтары

Экран ақаулықтары

Егер өнімді пайдаланып жатқан кезде мәселелердің бірі орын алса, мыналарды тексеріңіз: мәселе өнімде болмауы мүмкін.

Теледидардағы ауытқуларды тексеру үшін, алдымен → → **Сурет** → **Суретті тексеру** әрекетін орындаңыз.
Сандық телевидение ресиверін пайдалансаңыз, оны өшіріп, қайтадан қосыңыз.
Сандық телевидение ресивері теледидарға дұрыс қосылғанын тексеріңіз.

Экранда сигнал жоқ деген хабар береді.

- Коаксиальді кабельдің немесе сыртқы құрылғыға жалғанған кабельдің теледидарға дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.
- Жалғанған кірісті таңдау үшін тармағына өтіңіз.
- Сандық телевидение ресивері немесе Blu-ray ойнатқышы секілді сыртқы құрылғының қосылғанын тексеріңіз.

Кейбір бағдарламаларды көре алмаймын.

- Келесі функцияны қосудан бастаңыз: → → **Арналар** → **Арналарды реттеу** (**Арналарды реттеу және параметрлері**) → **Автоматты баптау**.
- Сандық телевидение ресиверін пайдалансаңыз, жеткізушіге хабарласыңыз.

Тік / көлденең сызықтар және таза үлгі пайда болғаннан кейін экран дірілдейді.

- Сымсыз телефондарды, шаш кептіргіштерді, электрлік бұрғыларды және т.б. басқа розеткаға жалғаңыз. Басқа теледидар немесе жақын маңдағы күшті электромагниттік

көздер сияқты жиілігі жоғары электронды құрылғылар ақаудың пайда болуына себеп болуы мүмкін.

Сандық хабар тарататын бағдарлама тоқтап қалады немесе экраны бұзылып шығады.

- Сигнал әлсіз немесе тұрақсыз қабылдағанда, осындай болады. Антенна бағытын дұрыстаңыз немесе кабельдің дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.
- → ⋮ → **Арналар** → **Арналарды реттеу** (**Арналарды реттеу және параметрлері**) → **Қолмен баптау**
  Егер сигналдың күші **Қолмен баптау** кезінде тым төмен болса, хабар тарататын станцияға немесе басқармасына сигналды тексерту үшін хабарласыңыз.
- Сандық телевидение ресиверін пайдаланасаңыз, жеткізушіге хабарласыңыз.

HDMI интерфейсіне қосылуға әрекет жасағанда экранның барлық төрт шетінде тік жолақтар пайда болады немесе түстер бұлдырланып көрсетіледі.

- → ⋮ → **Сурет** → **Арақатынас параметрлері** → **Тек іздеу**
  Тек іздеу режимін **Өшірулі** параметріне орнатыңыз.
  Тек іздеу түпнұсқалық кескінді сол күйінде көрсетеді. Сигналда шу болса экранда барлық төрт бағытта шу пайда болады.

Ештеңе көрмеймін немесе HDMI кабеліне қосылуға әрекеттенгенде кескін дірілдейді.

- HDMI® кабелі техникалық сипаттамаларға сай екендігін тексеріңіз. HDMI® кабелінің ақауы (бүгілген, сынған) болса, кескін дірілдеуі немесе бос экран көрсетілуі мүмкін.
- Кабель портқа дұрыс жалғанғанын тексеріңіз. Нашар немесе тығыз емес байланыс экранда көрсету мәселелерін тудыруы мүмкін.
- UHD сандық телевидение ресиверін пайдаланасаңыз, → ⋮ → **Сурет** → **Қосымша параметрлер** → **HDMI ULTRA HD Deep Colour** опциясын реттеңіз.

Экран тым күңгірт не қараңғы көрінеді.

- → ⋮ → **Сурет** → **Сурет режимінің параметрлері** → **Сурет режимі**
  Сурет режимі режимін қажетті сурет режиміне ауыстырыңыз. (**Стандартты**, **Шынайы**, т.б.)
  Бұл тек ағымдағы кіріс режиміне ғана қатысты болады.
- → ⋮ → **Сурет** → **Сурет режимінің параметрлері** → **Сурет опциялары** → **Motion Eye Care**

Motion Eye Care функциясын **Өшірулі** күйіне ауыстырыңыз. Бұл тек ағымдағы кіріс режиміне ғана қатысты болады.

- → → **Сурет** → **Қуатты үнемдеу**
  Қуатты үнемдеу функциясын **Өшірулі** немесе **Минимум** күйіне ауыстырыңыз.
- → → **Сурет** → **Қосымша параметрлер** → **Көзге ыңғайлы режим**
  Көзге ыңғайлы режим функциясын **Өшірулі** күйіне ауыстырыңыз.

Экран ақ пен қара түсті не басқа түстерді көрсетеді.

- Кіріс режимін не кабель байланысын тексеріңіз.
- Жалғанған кірісті таңдау үшін тармағына өтіңіз.
- **COMPONENT IN** мүмкіндігіне қосылып, бірақ **AV** опциясын таңдағын болсаңыз, ақ және қара түсті экран шығуы мүмкін.
  тармағына өтіп, **Құрамдас** опциясын таңдаңыз.
- **AV IN** немесе **COMPONENT IN** опциясына қосылғанда, әрбір кабель түс кодына сәйкес екендігін тексеріңіз. Құрамдас кабельдері үшін бейне (қызыл) және аудио (қызыл) кабелінің дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.
- **AV IN** / **COMPONENT IN** порттары тек белгілі бір үлгілерде бар.

- Өнімнің мәселелеріне арналған тұтынушылар қызметі туралы ақпарат теледидардағы → → **Жалпы** → **Осы теледидар туралы** бетінде болады.

Дыбыс ақаулықтары

Дыбыс ақаулықтары

Егер өнімді пайдаланып жатқан кезде мәселелердің бірі орын алса, мыналарды тексеріңіз: мәселе өнімде болмауы мүмкін.

Теледидардағы ауытқуларды тексеру үшін, алдымен → → **Дыбыс** → **Дыбысты тексеру** әрекетін орындаңыз.
Сандық телевидение ресиверін пайдалансаңыз, оны өшіріп, қайтадан қосыңыз.
Сандық телевидение ресивері теледидарға дұрыс қосылғанын тексеріңіз.

Экран анық, бірақ ешқандай дыбыс шықпайды.

- Басқа бағдарламаны қосып көріңіз.

- Сандық телевидение ресиверін пайдалансаңыз, ресивердің немесе теледидардың дауыс деңгейін 0 мәніне қойсаңыз немесе дауысты өшірген болсаңыз, дауыс шықпайды. Дауыс деңгейін қажетті деңгейге орнатыңыз.
- → ⋮ → **Дыбыс** → **Дыбыс шығысы**
  Ішкі ТД үндеткіш + Оптикалық үшін **Дыбыс шығысы** немесе **Ішкі ТД үндеткіші** орнатып, оны қайта тексеріңіз. Егер дыбысты өте жақсы естісеңіз, дыбыс панелі сияқты қосылған сыртқы динамиктерді орнату керек.

Динамиктердің біреуінен дыбыс шықпайды.

- → ⋮ → **Дыбыс** → **Дыбыс режимі параметрлері** → **Баланс**
  Жылжу түймесімен **Баланс** ішінен қажетінше балансты дұрыстаңыз.
- **AV IN** / **COMPONENT IN** опциясына қосылсаңыз, сол жақ / оң жақ (ақ / қызыл) дыбыс кабельдерінің дұрыс жалғанғанын тексеріңіз. (**AV IN** / **COMPONENT IN** порттары тек белгілі бір үлгілерде бар.)

ТД дыбысы суретпен синхрондалады немесе дыбыс кейде үзіліп кетеді.

- Егер кейбір бағдарламаларда ғана солай болса, оған хабар тарататын компанияның тарату сигналы себеп болуы мүмкін. Хабар тарату қызметінің провайдеріне (сымды / сымсыз) мәселені тексертіңіз.
- Егер барлық арналар синхронды болмаса, → ⋮ → **Дыбыс** → **Қосымша параметрлер** → **AV Sync Реттеу** тармағына өтіп, синхрондығын реттеңіз.
- Сандық телевидение ресиверін пайдалансаңыз, жеткізушіге хабарласыңыз.

Бағдарламаны ауыстырған кезде, дыбыс деңгейі де өзгереді.

- Басқа станциялардың таратылу шығысының дыбыс деңгейі әр түрлі болуы мүмкін.
- → ⋮ → **Дыбыс** → **Қосымша параметрлер** → **Дыбыс деңгейінің режимі** → **Авто дыбыс қаттылығы**
  Авто дыбыс қаттылығы режимін **қосу** параметріне орнатыңыз.
- Сандық телевидение ресиверін пайдалансаңыз, жеткізушіге хабарласыңыз.

Дыбыс істемейді немесе кейбір бағдарламаларда қосымша музыка ғана ойнатылады.
(Хабар тарататын компаниялардың экспортынан шығатын бағдарламалар)

- **Дөңгелек (OK)** → A
  Тіл параметрін **Дыбыстық сүйемелдеу тілі** ішінен орнатыңыз.

Компьютерге қосу ақаулықтары

Компьютерге қосу ақаулықтары

Үйдің бақылау тақтасы тақтасының жоғарғы оң жағындағы опциясын таңдау үшін, қашықтан басқару пультінде түймесін басып тұрыңыз. Өңдеу режимінде дербес компьютермен тураланған бейне және өлшемдер арақатынасы параметрлерін қолдану үшін, дербес компьютерге қосылған HDMI терминалының белгішесін **ДК** күйіне орнатыңыз.
Басқа құрылғыны дәл сол кіріс терминалына қосу үшін, белгішені қайтадан орнатуыңыз қажет, себебі Өңдеу белгішесінің параметрлері автоматты түрде қалпына келмейді.

Егер өнімді пайдаланып жатқан кезде мәселелердің бірі орын алса, мыналарды тексеріңіз: мәселе өнімде болмауы мүмкін.

Ол компьютерге қосылғаннан кейін экранға ештеңе шықпайды.

- Компьютердің теледидарға дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- Қашықтан басқару құралымен теледидарды өшіріп, қайта қосыңыз.
- Компьютерді теледидар қосылып тұрғанда өшіріп қосыңыз.
- Компьютер кірісін қолдайтын ажыратымдылыққа қойыңыз.
- Қос мониторды пайдалану үшін компьютердің немесе ноутбуктың қос монитор режимін қолдайтынын тексеріңіз.
- HDMI кабелін қайта жалғаңыз.
- Компьютеріңіздің RGB шығыс портын теледидарыңыздың **HDMI IN** кірісіне жалғасаңыз, HDMI - RGB түрлендіргіші қажет болады.
  HDMI - RGB түрлендіргішін пайдалансаңыз экранда ештеңе шықпайды.

Ол компьютерге қосылғаннан кейін экран өшіп қалады немесе бір жағына ауысады.

- Компьютер ажыратымдылығын теледидар қолдау көрсететін параметрге орнатыңыз. Қосымша ақпаратты **Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі **Ескерту** → **Қолданылатын ажыратымдылық : HDMI-PC** бөлімінен қараңыз.
- Жалғанған HDMI құрылғысының атауын компьютерге орнатыңыз.
  Қашықтан басқару құралындағы түймесін басып тұрыңыз. Жоғары оң жақ бұрышында таңдап, **Енгізулер** дербес компьютерге қосылған HDMI

терминалының белгішесін өзгертіңіз.

Компьютер HDMI кабелімен қосылғанда дыбыс шықпайды.

- Компьютер параметрінде Басқару панелі → дыбысында LGTV теледидарын әдепкі құрылғы ретінде конфигурациялаңыз.
- Бейне картасының HDMI аудио шығысына қолдау көрсететінін білу үшін өндірушіге хабарласыңыз.

Бейнені ойнату ақаулықтары

Бейнені ойнату ақаулықтары

Егер өнімді пайдаланып жатқан кезде мәселелердің бірі орын алса, мыналарды тексеріңіз: мәселе өнімде болмауы мүмкін.
Қолдау көрсетілетін файлдар туралы толық ақпаратты **Пайдаланушы нұсқаулығы** нұсқаулығындағы **Басқа құрылғыларды қосу** → **Фото және бейне** тармағынан қараңыз.

Файлды **Фото және бейне** ішінен таба алмадым.

- USB сақтау құрылғысына сақталған файлдарды компьютердің оқитынын тексеріңіз.
- Файл кеңейтіміне қолдау көрсетілетінін тексеріңіз.

Файлға қолдау көрсетілмейтіні туралы хабар шығып тұр.

- Файлдың компьютердің бейне ойнатқышында қиындықсыз ойнатылатынын тексеріңіз. (Файлдың зақымдалған-зақымдалмағанын тексеріңіз)
- Файл кеңейтіміне қолдау көрсетілетінін тексеріңіз.
- Ажыратымдылыққа қолдау көрсетілетінін тексеріңіз.
- Бейне кодегінің қолданылатынын тексеріңіз.
- Кадрлар жиілігіне қолдау көрсетілетінін тексеріңіз.

«This audio is not supported» (Бұл дыбысқа қолдау көрсетілмейді) деген хабар шығады не болмаса бейне бірқалыпты шығады, бірақ дыбыс шықпайды.

- Файлдың компьютердің бейне ойнатқышында қиындықсыз ойнатылатынын тексеріңіз. (Файлдың зақымдалған-зақымдалмағанын тексеріңіз)
- Файл кеңейтіміне қолдау көрсетілетінін тексеріңіз.
- Аудио кодегінің қолданылатынын тексеріңіз.
- Бит берілу жылдамдығын қолдау мүмкіндігін тексеріңіз.
- Таңдаулы жиілікке қолдау көрсетілетінін тексеріңіз.
- Аудио арналар санына қолдау көрсетілетінін тексеріңіз.

Субтитрлер көрінбейді.

- Файлдың компьютердің бейне ойнатқышында қиындықсыз ойнатылатынын тексеріңіз. (Файлдың зақымдалған-зақымдалмағанын тексеріңіз)
- Бейне мен субтитр файлдарының атауы бірдей екенін тексеріңіз.
- Сондай-ақ бейне файл мен субтитр файлының бір папкада екенін тексеріңіз.
- Субтитр файлының пішіміне қолдау көрсетілетінін тексеріңіз.
- Тілге қолдау көрсетілетінін тексеріңіз.
  (Файлды Notepad бағдарламасында ашып, субтитр тілін тексеруге болады.)
- Егер субтитрлер кодталуы дұрыс орнатылмаса, субтитрлер дұрыс көрсетілмейді. Бейне ойнату экранының астындағы басқару тақтасында → опциясын таңдап, **КОДТЫҚ БЕТ** мәнін өзгертіңіз.
- Егер мазмұнды ортақ пайдалану мүмкіндігімен басқа құрылғыда сақталған бейне файлы ойнатылса, пайдаланылатын бағдарламаға байланысты субтитрлер қолжетімсіз болуы мүмкін.
- Бейне NAS құрылғысы арқылы ойнатылған кезде, субтитрлерге қолдау көрсетілмейді. NAS өндірушісіне хабарласыңыз.

USB сақтау құрылғым қосылған кезде танылмайды.

- USB сақтау құрылғысының теледидармен қолдау көрсетілетінін тексеріңіз. Қосымша ақпаратты **Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі **Басқа құрылғыларды қосу → USB құрылғысын жалғау** бөлімінен қараңыз.

Жазуға қатысты ақаулықтар

Жазуға қатысты ақаулықтар

Егер өнімді пайдаланып жатқан кезде мәселелердің бірі орын алса, мыналарды тексеріңіз: мәселе өнімде болмауы мүмкін.
Жазу туралы мәлімет алу үшін **Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі **Телеарналарды пайдалану** → **Жазу** бөлімін қараңыз.

Жазуды қалай бастау керек?

- Жалпы көлемі кемінде 4 ГБ USB сақтау құрылғысын қосыңыз. Құрылғыда кемінде 1 ГБ бос орын болуы керек. (USB сақтау құрылғылары туралы мәлімет үшін **Пайдаланушы нұсқаулығы** ішіндегі **Басқа құрылғыларды қосу** → **USB құрылғысын жалғау** бөлімін қараңыз.)
  Қашықтан басқару құралындағы **Дөңгелек (OK)** түймесін басыңыз. Жазуды бастау үшін экранның төменгі сол жағында пайда болатын ● белгішесін басыңыз.

Қандай сигналдар жазуды қолдайды?

- → **ТД** таратуларын нақты уақытта жазуға және жоспарлауға болады. **AV IN** үшін тек тікелей жазбалар қолжетімді.
  (**AV IN** порты тек белгілі бір үлгілерде бар. Қорғалған мазмұн жазылмайды.)

Теледидар өшірулі болса да, ЖОСПАРЛАНҒАН ЖАЗУ опциясы мүмкін бе?

- Теледидар өшірулі болса да, **ЖОСПАРЛАНҒАН ЖАЗУ** процесі белгіленген уақытта басталып, аяқталады.
- Теледидардың қуат қосқышы ажыратылған болса, **ЖОСПАРЛАНҒАН ЖАЗУ** жұмыс істемейді.

Желілік қосылым ақаулықтары

Желілік қосылым ақаулықтары

Егер өнімді пайдаланып жатқан кезде мәселелердің бірі орын алса, мыналарды тексеріңіз: мәселе өнімде болмауы мүмкін.

Желілік қосылым күйін төмендегі жолмен тексере аласыз.

- → ⋮ → **Қосылу** → **Сымды қосылым (Ethernet)**

· → → Қосылу → Wi-Fi байланысы → Қосымша Wi-Fi параметрлері



Теледидар жанында X пайда болғанда

- Теледидарды немесе кіру нүктесін (маршрутизаторды) тексеріңіз.
- Теледидар, кіру нүктесі (маршрутизатор) және кабельді модемнің байланыс күйін тексеріңіз.
- Келесі ретпен өшіріп, қосыңыз:
  1. Кабельді модем, кабельді модем қайта қосылғанша күтіңіз.
  2. Кіру нүктесі (маршрутизатор), кіру нүктесі (маршрутизатор) қайта қосылғанша күтіңіз.
  3. Теледидар.
- Сымсыз байланысты пайдаланып отырсаңыз, кіру нүктесінің (маршрутизатордың) SSID (желі аты) мен сымсыз арнасын өзгертіңіз.
- Тұрақты IP мекенжайын пайдалансаңыз, IP мекенжайын тікелей енгізіңіз.
- Интернет қызметінің провайдеріне немесе кір нүктесі (маршрутизатор) компанияларына хабарласыңыз.



Қақпа жанында X пайда болғанда

- Кіру нүктесін (маршрутизаторды) тексеріңіз немесе Интернет қызметінің провайдерінен көмек алыңыз.
- Кіру нүктесінің (маршрутизатордың), кабельді модемнің қуат сымын ажыратып, 10 секунд күте тұрыңыз. Қуатты қайта қосыңыз.
- Кіру нүктесін (маршрутизаторды), кабельді модемді іске қосыңыз (қалпына келтіріңіз).
- Интернет қызметінің провайдеріне немесе кір нүктесі (маршрутизатор) компанияларына хабарласыңыз.
- Кір нүктесі (маршрутизатор) өндірушісінің веб-сайтынан маршрутизаторда ең соңғы микробағдарлама нұсқасы орнатылғанын тексеріңіз.



DNS жанында X пайда болғанда

- Кіру нүктесін (маршрутизаторды) тексеріңіз немесе Интернет қызметінің провайдерінен көмек алыңыз.
- Кабельді модемнің немесе кіру нүктесінің (маршрутизатордың) қуат сымын

ажыратып, 10 секунд күтіңіз. Қуатты қайта қосыңыз.

- Кіру нүктесін (маршрутизаторды), кабельді модемді іске қосыңыз (қалпына келтіріңіз).
- Теледидардың / кіру нүктесінің (маршрутизатордың) MAC мекенжайы Интернет қызметінің провайдерінде тіркелгенін тексеріңіз. (Желі күйі терезесінің тақтасында көрсетілген MAC мекенжайы Интернет қызметінің провайдерінде тіркелген болуы керек.)

LG тіркелгісінің ақаулықтары

LG тіркелгісінің ақаулықтары

Егер өнімді пайдаланып жатқан кезде мәселелердің бірі орын алса, мыналарды тексеріңіз: мәселе өнімде болмауы мүмкін.

Теледидарға тіркеліп қойғанмын. Маған тағы да веб-сайтта (www.lgappstv.com) қайтадан тіркелу керек пе?

- Егер теледидарға тіркеліп қойсаңыз, веб-сайтта қайтадан тіркелудің қажеті жоқ. Электрондық поштаны растау процесін аяқтау үшін бірдей идентификатор мен құпия сөзді пайдаланып және қосымша ақпаратты енгізіп, веб-сайтқа кіріңіз.

Идентификаторымды ұмытып қалдым. Не істеуім керек?

- Құпия сөзді кірген экранда **ҚҰПИЯ СӨЗДІ ҰМЫТЫП ҚАЛДЫҢЫЗ БА?** опциясын таңдауға болатын электрондық пошта арқылы іске қосуға болады.
- Компьютерде тіркелсеңіз, идентификаторыңызды веб-сайттан (www.lgappstv.com) табуға болады.

- Кейбір елдерде веб-сайтқа (www.lgappstv.com) кіру шектеулі болуы мүмкін.

Мазмұн ақаулықтары

Мазмұн ақаулықтары

Егер өнімді пайдаланып жатқан кезде мәселелердің бірі орын алса, мыналарды тексеріңіз: мәселе өнімде болмауы мүмкін.

Ешқандай мазмұнды Бастапқы ішінен көрмедім.

- Қызметтер елі параметрі өзгертілсе, мазмұнын көре алмауыңыз мүмкін. Пайдаланылатын қызметтің елін → → **Жалпы** → **Орны** → **LG қызметтер елі**. (Кейбір үлгілерге қолдау көрсетілмейді.)
- Кейбір қолданбалар көрінбесе, бұл оларды жойғаннан болуы мүмкін. Сәйкес қолданбаны қайта орнатыңыз.
- Қолданба жойылса, қолданбаны **LG Content Store** дүкенінен жүктеп алуға және қайта орнатуға болады. Қалаған қолданбаны тауып, орнату үшін, → **LG Content Store** дүкеніне өтіңіз.
- Қолдау көрсетілетін мазмұн түрі елге байланысты өзгеше болады.
- Мазмұн ұсыныстарын қызмет провайдері өзгерте немесе уақытша тоқтата алады.

Интернет браузер ақаулықтары

Интернет браузер ақаулықтары

Егер өнімді пайдаланып жатқан кезде мәселелердің бірі орын алса, мыналарды тексеріңіз: мәселе өнімде болмауы мүмкін.

Интернетті пайдаланғанымда, белгілі бір веб-сайттың кейбір бөліктері көрінбейді.

- **Веб-шолғыш** жыпылықтау плагиніне емес, тек қана HTML5 медиасына қолдау көрсетеді.
- **Веб-шолғыш** плагинді орнатуға қолдау көрсетпейді.
- **Веб-шолғыш** қолданбасында мыналардан басқа пішімдерде медиа файлдарын ойнату мүмкін болмауы ықтимал:
  : JPEG / PNG / GIF
- Тіркемелерді немесе кескіндерді сақтай алмайсыз.

Веб-сайтқа кіргенімде, интернет браузері автоматты түрде жабылып қалады.

- Қол жетімді жад өлшемі веб-сайттың сурет туралы ақпаратын орналастыруға жеткіліксіз болса, интернет браузері жабылуы мүмкін.

Веб-шолғыш арқылы бейне көріп жатқанда, бейне өшіріледі.

- Мұны **Параметрлер** → **JavaScript пайдаланумен бейімделгіш тасымалдау Веб-шолғыш** ішінде **Өшірулі** режиміне қою арқылы орнатуға болады. Бұл параметр өзгертпес бұрын ашылған қойындыларға емес, тек өзгерткен соң ашылған қойындыларға қолданылады.

Ескерту

Бағдарламалық жасақтама жаңартуы

Бағдарламалық құралды жаңарту үшін

Бағдарламалық құралды жаңарту функциясын пайдаланып, соңғы нұсқаны тексереді және алады.
Сондай-ақ, қол жетімді жаңартуларды қолмен тексеруге болады.

Жаңартулар бар-жоғын тексеру

⚙ → ⋮ → Жалпы → Осы теледидар туралы → Жаңартулардың бар екендігін тексеріңіз

- Ең соңғы жаңарту нұсқасын тексерген кезде, соңғы нұсқаның жаңарту файлы қол жетімді болса ғана жаңартуларды орындай аласыз.
- Теледидар бағдарламалық құрал нұсқасын автоматты түрде тексереді, қажет болса, қолмен тексеруді орындауға болады.

Ескертусіз автоматты түрде жаңарту

⚙ → ⋮ → Жалпы → Осы теледидар туралы → Автоматты жаңартуға рұқсат ету

- Жаңарту қол жетімді болғанда, **Автоматты жаңартуға рұқсат ету** таңдалса,

жаңарту сұраусыз автоматты түрде басталады.

- Жаңарту қол жетімді болғанда, **Автоматты жаңартуға рұқсат ету** таңдалмаса, жаңарту сұрағаннан кейін басталады.

- Өзгермелі элементтер үлгіге байланысты өзгеше болады.
- Соңғы нұсқаны сандық тарату сигналдары немесе интернет қосылымдары арқылы алуға болады.
- Бағдарламалық құралды сандық тарату сигналы арқылы жүктеп жатқанда арнаны өзгерту жүктеу процесін үзеді. Бастапқы арнаға оралу жүктеуді жалғастыруға мүмкіндік береді.
- Бағдарламалық құрал жаңартылмаса, белгілі бір функциялар дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Кейбір елдерде **Автоматты жаңартуға рұқсат ету** опциясы интернет қосылымы жоқ болған жағдайда көрсетілмейді.
- Құрылғыңыз оңтайлы жұмысты қамтамасыз ету үшін бағдарламалық жасақтама жаңартуларын жүйелі түрде жүктеп, орнатып тұрады. Бағдарламалық жасақтама жаңартылған кезде, 4 сағаттың ішінде пайдаланушы тарапынан ешқандай әрекет орындалмаса, құрылғы экраны өшіп қалу мүмкін, бірақ құрылғы орнату процесі аяқталмағанша күту режиміне толықтай ауыспайды. Бұл бағдарламалық жасақтаманы жаңарту кезінде қуаттың тұтынылуын арттыруы мүмкін.

Қолданылатын ажыратымдылық : HDMI-DTV

HDMI-DTV қолданылатын режим

Ажыратымдылық	Жол жиілігі (кГц)	Кадр жиілігі (Гц)
640 × 480p	31,46	59,94
	31,5	60
720 × 480p	31,46	59,94
	31,5	60

720 × 576p	31,25	50
1280 × 720p	37,5	50
	44,95	59,94
	45	60
1920 × 1080i	28,12	50
	33,71	59,94
	33,75	60
1920 × 1080p	26,97	23,97
	27	24
	28,12	25
	33,71	29,97
	33,75	30
	56,25	50
	67,43	59,94
	67,5	60
1920 × 1080p (Тек ULTRA HD, 8K модельдері)	112,5	100
	134,86	119,88

	135	120
3840 × 2160p (Тек ULTRA HD, 8K модельдері)	53,94	23,97
	54	24
	56,25	25
	67,43	29,97
	67,5	30
	112,5	50
	134,86	59,94
	135	60
3840 × 2160p[1)2)] (Тек ULTRA HD, 8K модельдері)	225	100
	269,73	119,88
	270	120
4069 × 2160p (Тек ULTRA HD, 8K модельдері)	53,94	23,97
	54	24
	56,25	25
	67,43	29,97
	67,5	30

	112,5	50
	134,86	59,94
	135	60
4096 × 2160p[1)2)] (Тек ULTRA HD, 8K модельдері)	225	100
	269,73	119,88
	270	120
7680 × 4320p (Тек 8K модельдері)	107,89	23,97
	108	24
	110	25
	131,87	29,97
	132	30
	220	50
	263,74	59,94
	264	60

1) (Тек ULTRA HD модельдері) **HDMI ULTRA HD Deep Colour** Қосулы қалпына қойылғанда қолданылады **қосу**.
2) (Тек 8K модельдері) **HDMI ULTRA HD Deep Colour** Қосулы қалпына қойылғанда қолданылады **4K**.

Қолданылатын ажыратымдылық : HDMI-PC

HDMI-PC қолдайтын режим

Ажыратымдылық	Жол жиілігі (кГц)	Кадр жиілігі (Гц)
640 × 350	31,46	70,09
720 × 400	31,46	70,08
640 × 480	31,46	59,94
800 × 600	37,87	60,31
1024 × 768	48,36	60
1152 × 864	54,34	60,05
1360 × 768	47,71	60,01
1280 × 1024 (Тек ULTRA HD, 8K модельдері)	63,98	60,02
1920 × 1080 (Тек Full HD, ULTRA HD, 8K модельдері)	67,5	60
1920 × 1080 (Тек ULTRA HD, 8K модельдері)	134,86	119,88
	135	120

2560 × 1440[1)] (Тек ULTRA HD 50/60 Гц модельдері)	88,78	59,95
2560 × 1440[1)2)] (Тек ULTRA HD 100/120 Гц, 8K модельдері)	182,99	119,99
3840 × 2160 (Тек ULTRA HD, 8K модельдері)	53,94	23,97
	54	24
	56,25	25
	67,43	29,97
	67,5	30
	112,5	50
	134,86	59,94
	135	60
3840 × 2160[1)2)] (Тек ULTRA HD 100/120 Гц, 8K модельдері)	225	100
	269,73	119,88
	270	120
4069 × 2160 (Тек ULTRA HD, 8K модельдері)	53,94	23,97
	54	24
	56,25	25

	67,43	29,97
	67,5	30
	112,5	50
	134,86	59,94
	135	60
4096 × 2160[1)2)] (Тек ULTRA HD 100/120 Гц, 8K модельдері)	225	100
	269,73	119,88
	270	120

1) (Тек ULTRA HD модельдері) **HDMI ULTRA HD Deep Colour** Қосулы қалпына қойылғанда қолданылады **қосу**.
2) (Тек 8K модельдері) **HDMI ULTRA HD Deep Colour** Қосулы қалпына қойылғанда қолданылады **4K**.

- Қолдау көрсетілген HDMI-PC порты үлгіге байланысты өзгеше болады. Өніммен берілген нұсқаулықты қараңыз.

Қолданылатын ажыратымдылық : Component

Құрамдас қолдайтын режим

Ажыратымдылық	Жол жиілігі (кГц)	Кадр жиілігі (Гц)

720 × 480i	15,73	59,94
	15,75	60
720 × 576i	15,62	50
720 × 480p	31,47	59,94
	31,5	60
720 × 576p	31,25	50
1280 × 720p	44,96	59,94
	45	60
	37,5	50
1920 × 1080i	28,12	50
	33,72	59,94
	33,75	60
1920 × 1080p	56,25	50
	67,43	59,94
	67,5	60

Компоненттік портқа жалғау туралы ақпарат

Теледидардағы компоненттік порттар	Y	P_B	P_R

DVD ойнатқыштың бейне шығыс порттары	Y	P_B	P_R
	Y	B-Y	R-Y
	Y	Cb	Cr
	Y	PB	Pr

Сигнал	Component
480i / 576i	O
480p / 576p	O
720p / 1080i	O
1080p	O

Лицензия туралы ақпарат

Лицензия туралы ақпарат

Қолдау көрсетілетін лицензиялар модельге қарай әр түрлі болуы мүмкін.

Dolby

Dolby Laboratories-тің рұқсатымен өндірілген бағдарлама өнімдері үшін керек. Dolby, Dolby Vision, Dolby Audio, Dolby Atmos және қос-D Dolby Laboratories-тің тіркелген сауда белгісі.

DTS

DTS патенттерін http://patents.dts.com сайтынан қараңыз. DTS Licensing Limited лицензиясымен өндірілген. DTS, белгі, & DTS және белгі екеуі, DTS 2.0 арнасы, DTS 2.0+Digital Out, DTS-HD және DTS Virtual:X – бұл Америка Құрама Штаттарында және/немесе басқа елдердегі тіркелген сауда белгілері немесе DTS, Inc. компаниясының сауда белгілері. © DTS, Inc. Барлық құқықтар қорғалған.

HDMI

The terms HDMI and HDMI High-Definition Multimedia Interface, and the HDMI Logo are trademarks or registered trademarks of HDMI Licensing Administrator, Inc. in the United States and other countries.

HEVC



Тағы басқа

HEVC хабар тарату ақпараты

- HEVC кодегі арқылы берілетін хабар тарату елге байланысты қолжетімді болмауы мүмкін.